

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

А.С. Пушкин атындағы кітапхана
Библиотека имени А.С. Пушкина

*Жарқын қуат,
рухымыз -
туған сөз
арнасын!»*

*«... Отмизне
посвятил души
прекрасные
порывы!»*

А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан
облыстық әмбабап ғылыми кітапханасына – 115 жыл!

Алтай. Қыс. Бағыным.

Оралхан Бөкейге

I
Аязына сүңгисің
Айдалада,
Жылылық бар онда бір ойламаған.
Тұмсығыңмен жұтасың,
Тұп-тұнық бір
Арқар иісі аңқиды айналаңнан.

Аяңымен ақ қырау арғымақтың,
Бедер түсіп жүзіне сан қыраттың.
Құсбегінің кешкі бір жүзіндей боп,
Батып бара жатады албырап күн.

Сезгендейін, жымыңдап түн жанары,
Балғын қыздың балтыры сыздағанын.
Жас қонаққа жауаңдап,
Бейуақта,
Жалғыз үйдің кірпігі дір қағады.

Бір қиғылық сезімге жасап өтер,
Аяз ерні, алдымен, масаң етер.
Ай қылымсып ақ төсін аша беріп,
Бұлт үстіне бұраңдап жата кетер.

Не бір арман күзетте, не бір елес...
Шолпан туды, жас шолпан жөніңе көш.
Ай мүйізді текеңді қасқыр жепті,
Түсіндегі айдай қыз, тегін емес.

Ақ сүңгі етіп ажарлы қас-қабакты,
Алып қашсаң ақ түнде ақ тамақты.
Аппақ қарда жүйткіген ақ қояндай,
Пырағыңды ағызып ақ қанатты.

Жүзін өбіп таулардың таңғы ызғары,
Уысында ұлпадай балмұздағы.
Бұрымында күн нұры күміс шашып,
Бұлаңдайды бұзылмай сәнді ырғағы.

.....
Қиялыма сипатып қауырсынын,
Құшағымда балқиды «қар қыздары».

II
Есімнен бір кетпей қойды неге осы,
Қарт Алтайдың мұз құрсанған елесі.
Мұздай қару,
мұздай тақым астында,
Сықырлаған мұз жылқының денесі.

Ақкөз түнде жалғыз рет жолығар,
Жортуылдың жан білмейтін мәні бар.
Шытынатып аяз қысқан аспанды,
Шұрқырайды астыңдағы жануар.

Қаһарына мінгенде Алтай қағынып,
Үрген иттің тілі аязға қарылып,
Ақ бураның қызыл жалын шыбығы,
Сынып түскен тұрған бойда шабынып.


Ғайып болып басыңдағы тұрған бақ,
Бәрін осы кететіндей түн жалмап.
Қотаныңды тінтеді аяз бөрінің,
Мұздай суық тұмсығындай сумаңдап.

Бел астынан бір тіршілік білсем деп,
Мен де жортып, тау қолтығын тінтем кеп.
Ай мүйізін шайқап қашқан арқардай,
Бұлт қалқасын паналап жүр бүрсеңдеп.

Жолға бағыт бере алмайды бұл біздің,
Жүзін әбден суық сорған жұлдыздың.
Бейнесі де есімде жоқ дәл қазір,
Ұмыт болған жамалындай бір қыздың.

Жал-құйрығы сүңгі мұзға малынып,
Омыраулап тартады алға сәуірік.
Шоқылардан бөрі ұлиды аулақта,
Бөрі ұлиды тұмсығы айға шағылып.

Адастырмай әкеледі-ау түнгі өкпек,
Дәл сондағы күйге қалай тіл жетпек.
Балғын қыздың мені күткен деміндей,
Қар бетінде жүрген түтін дірдектеп.



Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың әр жылдарда жарық көрген кітаптары

Құрметті оқырман!

Журналымыздың жаңа жылғы бірінші санын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Музейіндегі Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кітапханасы жайлы жазылған құнды мақаламен бастап отырмыз. Қоян жылы қазақ халқы үшін ерекше жыл болмақ. Биыл қасиетті ұғым – Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы. Тәуелсіздік – ақ қанаттары ақ дұғалы періште сипатындағы халқымыздың басына қонған бақ, ата-бабамыздың ғасырлар бойғы ең ұлы арманы. Осы мерейлі мерекеге орай ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұжымы ұйымдастырған «Көзімнің ішінде Көк Туым желбіреп...» тақырыбындағы кітап көрмесі туралы да ақпарат ұсынып отырмыз.

Басылымымыздың биылғы санында бірнеше жаңа айдарлар ашылып отыр. Атап айтсақ, «поэзия патшалығы» және «әңгіме әлемі». Оған оқу ісіне қатысты таңдаулы прозалық және поэзиялық шығармалар жарияланып тұрады. Ерекше атап айтатын жаңа айдар – «қазақ баспасы». Бұл айдарда еліміздегі ірі баспалар және олардың өнімдері жарияланатын болады.

«Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша жалпыхалықтық оқуға таңдалған кітап туралы да толық ақпарат ала аласыздар. Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллин туралы тұлғалық энциклопедиясы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына байланысты өткізілген әдеби-танымдық кеші, қазақ заң ғылымында айрықша қолтаңбасы бар академик Салық Зиманов туралы талдап жазылған тағылымды мақала таптамасы да журналымыздан ерекше орын алып отыр. Екінші бөлімге кітапханалардағы ақпараттық технологиялар тақырыбы арқау болды.

Өздеріңізге жақсы таныс «Пәлсапа тамшысы» айдарымен осы жолы Ақтамберді жыраудың Ислам дүниетанымындағы орны туралы тың мақаламен қауышасыздар.

Құрметті оқырман, «Кітап патшалығының» кірпиз тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!

Құрметпен,
Ғалия Бөкейқызы



КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал



РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ТӨРАЙЫМЫ

Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА

Әлібек АСҚАРОВ

Әкім ТАРАЗИ

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ

Бүркітбай АЯҒАН

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ

Мая ЖИЕНБАЕВА

Мұрат ӘУЕЗОВ

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

Ілияс ҚОЗЫБАЕВ

Хабиба АҚЖІГТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ

Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ

ОРЫНБАСАРЫ

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

РЕДАКТОРЛАРЫ

Айсұлу СЕЙІЛОВА

Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

БЕТТЕГЕН

Баспа-редакция орталығы

Жетекшісі – Балнұр ТӘУЕКЕЛОВА

Санель АМАНОВА – дизайнер

Айнаш ҚҰЛЖАНОВА

Жақсылық КӨШКЕНБАЕВ

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет

министрлігі

Мәдениет комитетіне қарасты

«Астана қаласындағы Қазақстан

Республикасының Ұлттық

академиялық кітапханасы»

мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министр-

лігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12 қар-

ашадағы №10493-Ж куәлігі берілген

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Достық көшесі, 11

тел: 8 (7172) 285266

тел./факс: 8 (7172) 446180

e-mail: kp_2009@mail.ru

Журналға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып танылмайды. Журналға жарияланған материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.

“PRINT HOUSE GERONA”

баспаханасында басылды.

Мекен-жайы:

Алматы қ., С.Сейфуллин даңғылы,

458/460, 201-205 кеңсе

тел: 8 727 2 504 740, 2 662 919

МАЗМҰНЫ


ҰЛАРБЕК НҰРҒАЛЫМҰЛЫ
АЛТАЙ. ҚЫС. САҒЫНЫШ.3

БАС РЕДАКТОР
БАҒАНЫ.....5



ПРЕЗИДЕНТ КІТАПХАНАСЫ
Алма САҒЫНҒАЛИ
Қазақстан Республикасы
Тұңғыш Президентінің
Музейіндегі кітаптар
қазынасы.....8

КІТАП&ОҚЫРМАН
Сәулеш НАЗЫРОВА
«Көзімнің ішінде
Көк Туым желбіреп...» атты
кітап көрмесі.....16



БІР ЕЛ – БІР КІТАП
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
«Бір ел – бір кітап»
акциясы18

ЖАҢА КІТАП
С.Сейфуллин туралы
энциклопедия жарық көрді...22

СОДЕРЖАНИЕ



ЖАНСУСАР
Гүлдар ӘУЕНҚҰЛОВА
Қазақтың қара өлеңі — құдіретім25

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Заң ғылымы және Зиманов қолтаңбасы.....27

ИСТОРИЯ БИБЛИОТЕКИ
Нина КРУТОВА
Какие наши годы.....32

СОТРУДНИЧЕСТВО
Гүлжанат ЖУБАНИЯЗОВА
Уголок Пакистана
в НАБ РК.....38

IT В БИБЛИОТЕКЕ
Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА
К вопросу модернизации
ОУНБ РК.....40

ЭЛЕКТРОННЫЕ БИБЛИОТЕКИ
К новым возможностям через
сотрудничество.....46

ЭЛЕКТРОННЫЕ
БИБЛИОТЕКИ
Константин ГОРОЖАНКИН,
Екатерина БОЙКО
Каким должен быть сайт
казахстанской библиотеки... 48

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНА
Бибігүл ШАГИЕВА
Кітапханадағы ақпараттық
технологиялар: даму көздері..... 55

ЭЛЕКТРОННЫЕ БИБЛИОТЕКИ
Айгуль КАСЫБАЕВА
Виртуальный диалог с читателем.....59

ЭЛЕКТРОННЫЕ БИБЛИОТЕКИ
Зауре АМЕРХАНОВА
Мировая цифровая библиотека – точка доступа
к мировому культурному наследию.....61

Е-ПРАВИТЕЛЬСТВО
Эльмира КИРЕЕВА
Это вправе знать каждый.....64

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНА
Надежда БЕЛЯЕВА
Кітапханалардағы көркем әдебиетті
интернет-ресурстармен жұмыс жасау бағыты...66



ЭЛЕКТРОННЫЕ
БИБЛИОТЕКИ
Мереди́т ФАРКАС
Текущая осведомленность с
помощью RSS:
придерживаясь
традиций 2.0.....68

АҚЫЛ АДЫРНАСЫ
АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ.....70



ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ
Бауыржан ҚАРАҒЫ ЗҰЛЫ
Ислам дүниетанымындағы
Ақтамберді жырау.....72

ПОЭЗИЯ ПАТШАЛЫҒЫ
Ерлан ЖҮНІС
«Гүлөндә» кітап
дүкенінде.....76

ӘҢГІМЕ ӘЛЕМІ
Өміржан ӘБДІҚАЛЫҚҰЛЫ
О дүниелік КІТАПТАР.....77

ФОЛИАНТ БАСПАСЫ.....78



Алма САҒЫНФАЛИ,
Қазақстан Республикасы
Тұңғыш Президенті Музейінің директоры

Қазақстан Республикасы

Тұңғыш Президентінің Музейіндегі

кітаптар қазынасы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті туралы» Заңының негізінде құрылған кітапхана, Мемлекет басшысының жеке кітапханасы мәртебесіне ие және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейі жинағының құрама бөлігі болып табылады. Оның негізін Н.Ә. Назарбаевтың жеке кітаптар жинағы құраған мыңнан аса томдар Алматы қаласындағы Мемлекет басшысының үйіндегі кітапханасынан, ҚР Президентінің Алматы резиденциясындағы жеке кітапханасынан, сонымен қатар қазіргі уақытқа дейін ҚР Президентіне сыйға тартылып тұрған кітаптар Президент Кеңсесінен тұрақты түрде тапсырылады. Құрамы бойынша бірегей жиналған кітаптар, кітапшалар, мерзімді басылымдар үнемі толықтырылады. Бүгінгі күні кітапхана қоры 15 000 аса сақтау бірлігінен тұрады.



ҚР Президентінің шетел тілдерінде жарық көрген еңбектері экспозициясының фрагменті



«Туркестанский альбом» кітабы

Құран басылымдарынан

«XIX-XX ғасырлардағы сирек басылымдар» коллекциясынан

Ш. Руставели «Витязь в тигровой шкуре» кітабы

Кітапхана қорын қызықты және алуан түрлілігіне байланысты «кітаптардың асыл қазынасы» деп атауға болар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа сыйға тарту жазбасы бар, мемлекет пен үкімет басшыларынан, белгілі саясаткерлер мен ғалымдардан, ақындар мен жазушылардан, өнер және мәдениет қайраткерлерінен тарту ретінде қабылданған кітаптардан басқа ұйымдардан, балалар мен қарапайым азаматтардан да кітаптар мен альбомдар сыйға түседі. Өте қызықты баспа басылымдарын жүйелегенде келесідей

тақырыптық коллекция қалыптасты:

- шетел тілдеріндегі Президент еңбектері;
- Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті туралы әдебиет;
- Құран басылымдары;
- Мемлекет пен үкімет басшыларынан сыйланған кітаптар;
- XIX - XX ғ.ғ. сирек басылымдар;
- Белгілі қоғам, мемлекет қайраткерлері, Қазақстан Республикасы мен шетелдік ұйымдардан сыйға тартылған кітаптар;
- Өнер және мәдениет қайраткерлерінен сыйланған кітаптар;
- Белгілі жазушылар мен ақындардың атынан сыйланған кітаптар.

Бүгінгі күні тек қана жалғыз Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің кітапханасында елімізде және шетелде шығарылған Президенттің еңбектері толық көлемде көрсетілген. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мемлекеттік және қоғамдық қызметі ту-




ҚР Президенті жеке кітапхана қорының көрінісі

ралы, оның еңбектері, Қазақстанның қазіргі тарихының дамуы туралы әдебиеттерді жүйелеу кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Кітапханада Елбасының еңбектері әлемнің 33 тілінде көрсетілген. Мысалы, «Ғасырлар тоғысында» — 13 тілде, «Сындарлы он жыл» — 14 тілде, «Тарих толқынында» — 9 тілде, «Қазақстан жолы» — әлемнің 17 тілінде. Осы кешеннің барлығы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің коллекцияларындағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері» (Астана, 2010) атты аннотациялық каталогінде жүйеленген.

Қолтаңбасы бар авторлық кітаптар және мемлекет пен үкімет басшыларынан сыйға тартылған жазулы коллекциялары – музей жинағында ерекше мәнді. Тарихи, көбінесе библиографиялық құндылығын С. Демирель, Х. Карлос, Б. Клинтон, М. Тэтчер, М. Хатами, Б.

Ельцин, М. Горбачев, Г. Киссинджер, Дж. Картер, В. Фрейберг, М. Шаймиев, Э. Шеварднадзе, А. Рюитель, А. Бразаускас, Цзян Цзэмин және басқалардың қолтаңбалары бар кітаптар құрайды.

Кітапхана қорында 400-ден аса діни тақырыптағы кітаптар бар, ең құндылары — әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерінде сыйға берілгендері. Сирек қордағы бірегей бөлімдер – 30 сақтау бірлігін құрайтын Құран басылымдарының коллекциясы. Коллекцияда сақталған мұсылмандардың киелі кітаптар басылымы — сыртқы безендіруі мен полиграфиялық орындалуы бойынша алуан түрлі. Қазақстан, Ресей, Түркия, Иран, Сауд Арабиясы, Италия, Тунис, Мысыр, Пәкістандағы басылымдар араб, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әр түрлі бағыттар мен полиграфиялық шеберлігі айрықша мектептерін көрсетеді. Зор зерттеушілік қызығушылық-



Қытай тіліндегі
жиналмалы кітап



ты Құранның қазақ тіліндегі Қ. Алтай, А. Мансұр, З. Ж. Оразбайдың, орыс тіліндегі И. Ю. Крачковский мен Э. Кулиевтің аудармасы мен түсіндірмелері тудырады. Ал, Талғат Мұсабаев Президентке сыйға тартқан ғарышта болған Құранды адамзаттың ғарыштық одиссеясының тарихи куәгерлерінің бірі деп санауға болады.

Коллекцияның әшекейі — Меккеде басылған «Құран Көрім» — ағашпен жиектелген, металлмен қоршалған, ағашқа нақышталған және қобдишаға салынған авторлық жұмыс. Осман империясы кезінде қолмен жазылған киелі Құранның қолжазба көшірмесі Түркия саясат қайраткері Д.Бахчеллден сыйға тартылған. Елу жыл көлемінде құралған Құран XVI ғасырдың екінші жартысымен белгіленеді. Оны екі көрнекі шебер-каллиграфтар орындаған: бірінші 220 бетін Ахмед Карахисари, қалған 80-ін оның шәкірті Хасан Челеби аяқтаған. Қазіргі уақытта ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, Құран Көрім алтын және күміс монеталармен қапталған болатын, ал оның дайындауында еңбек еткен миниатюрашылар, зергерлер, безендірушілер,

түптеушілердің жұмыс істегені Осман империясы өнерінің жоғары дамығандығын дәлелдейді. Қолжазба Құранның құнды түпнұсқасы стамбулдық Топкап музейінде сақталуда.

Тағы бір айтатын жайт, Құранның әрбір сыйға тартылған басылым даналары бірегей, полиграфиялық жағынан жоғары сапалы орындалғандығы. Ал, мұсылман Киелі Жазба тізімдері таңдамалы араб өрме жазуымен жазылған, мұқабасын безендіруге арнайы түптеу былғарысы, үш жақты алтын жиек, алтын өрнектеу қолданылған, беттері шығыстық өрнектермен безендірілген және түпнұсқа қобдишаға салынған.

«XIX-XX ғ.ғ. сирек басылымдар» коллекциясында білімнің барлық салалары бойынша 200-ден аса сақтау бірлігі бар. «Тарих» бөлімі кеңінен көрсетілген. Оның ішінде — П.Е.Щеголев, Г.Масперо, В.О.Ключевский, Н.А.Попов, В.В. Бартольд сияқты көрнекті ғылым қайраткерлерінің өмір бойғы шығармаларының басылымдары.

Өлкетану сипатындағы «Материалы для

истории Сибири», «Колонизация Сибири», «Кенесары-Наурызбай» кітаптары ерекше ғылыми қызығушылық тудырады, сонымен қатар мерзімдік басылымдар: «Восток» журналы (1922), С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, М.Әуезов, А.Толстой, В. Бартольдтің өмір бойғы шығармалары жарияланған әдеби-көркем және ғылыми-көпшілік «Красная новь» (1927), «Литературный Казахстан» (1936) журналдары.

Әдеби-тарихи, мәдени құндылыққа кеңестік және қайта құру кезеңдерінде қалыптасқан кітаптар коллекциясы иеленген – қолтаңбалар мен сыйлық жазбалар 1970-1980 жылдар мен ХХ ғасырдың 90-жылдарының басын қамтиды. Кітаптардың авторлары: Ә. Әбішев, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, Ә. Тәжібаев, Ш. Айтматов, Е. Евтушенко, К. Салықов, Р. Нұрғалиев, М. Симашко, И.Щеголихин, Б. Васильев, О. Сүлейменов және басқалар; саясаткерлер — Е. Примаков, Ю. Лужков, А. Собчак, Е. Гайдар; сардарлар - Д. Язов, Е. Шапошников, Б. Громов; ұшқыш - ғарышкер - А. Леонов; өнер қайраткерлері – Г. Вишневская, И. Кобзон. Кітапхана қорының жеке бөлімі болып көрсетілген — Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдары жарық көрген отандық ақындар мен жазушылардың, көрнекті қоғам және мемлекет, өнер және мәдениет қайраткерлерінің сыйға берген шығармалары.

Мемлекет басшыларына дәстүрлі сый тартуда ерекше орын алатын арнайы дайындалған кітаптар. Шындығында олар жалғыз данамен және қол жұмысын, қолданумен шығады. Н.Ә.Назарбаевқа сыйға тартылған эксклюзивті кітаптар әр түрлі тақырыптарды бейнелеп көрсетеді және әлемнің әр түрлі тілдерінде жазылған. Пайдаланған бейнелеу құралдары мен техникалары, материалдары, символдары әр кітапқа қайталанбас келбетін береді және әр мемлекеттің тарихы мен мәдениеті туралы ақпарат көзі болып табылады.

Сыйлық басылымдары таңдаулы қағаз-

дардан, былғарымен қапталған, шелкография, батырма, ағаш, барқыт, күдері және басқа материалдардан жасалған. Олар интеллектуалды мазмұн мен талғамды безендіруді үйлестіріп, кітапхана сөрелерін әшекейлейді. Осындай кітаптар қатарын ресейлік делегациялар сыйлаған. Қазан қаласының 1000 жылдық мерейтойына небары 100 данамен «Казань-Kazan-1005–2005» кітап-альбомы шыққан. Мұнда ежелгі және қазіргі қаланың таңқаларлық даңқты беттері, қазандық көптеген ұрпақтардың даңқты іс-әрекеттері, ерлік күндері туралы баяндалады. Иллюстративтік материалдар ретінде Мемлекеттік ұлттық музей, Мемлекеттік бейнелеу өнерінің музейі, Татарстан Республикасы Мемлекеттік мұрағаты, Қазан қаласының 1000 жылдық тарихын көрсететін суретшілердің жеке коллекцияларының қорынан алынған фотосуреттер мен өнер шығармалары қолданылған. Кітапты татарстандықтар атынан және Татарстан Республикасының Президенті М. Шаймиевтің өз атынан көне Қазан қаласының мерейтойлық мерекесінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевқа сыйға ұсынған. «...Біздің халықтарды ежелгі және мықты достық байланыстырса, оның дамуына Сіздің қосқан үлесіңізге баға жетпес. Біз тең дәрежеде өзімізді Еуразияның жақтастары деп санап, ұлы Лев Гумилев қалай түсінсе, бұл сөздің ең терең мағынасын солай түсінеміз», – деген сөздер сыйлық жазбасында таңбаланған. Бұл бірегей басылым кітапханадағы ең үлкен кітап – оның өлшемі — 70x50, блок биіктігі — 6,5 см. Мәліметке қарасақ, кітапханадағы ең кішкентай кітап иврит тіліндегі «Книга молитв», оның өлшемі — 6x4 см.

«История Российского государства», «Летопись двух столиц», «Кремль – свидетель истории», «Московский Кремль», «Императорское установление Орденов Кавалерийских Российских», «Омский Успенский кафедральный собор» сияқты ресейлік басылымдар — мазмұны мен безендіруі бойынша бірегей туындылар.

Соңғы кітап Омбы қаласындағы 1898 жылы ІІ Николай бұйрығымен салынып, XX ғасырдың 30-жылдары атеистік идеологияның әсерінен бұзылған, ал, 2007 жылы Омбы облысының губернаторы Л. К. Полежаевтің бастамасы бойынша бұрынғы орнына қайта жасалған Успен кафедралды соборының құрылу тарихы туралы баяндайды. Басылым электронды тасымалдаумен қоса берілген – айналымның соңғы бетінде қайта салынған Успен кафедралды соборының қоңырау сыңғыры жаңаша естіледі.

«Казань-Kazan-1005-2005»
кітап-альбомы



«Наследие Беларуси» – Беларусь Республикасының Премьер-министрі С. С. Сидорскийден тамаша тартулық альбом. Оның әр тарауында Беларусь облыстарының қалыптасу тарихы, жылнамасы, сонымен қатар беларустік ғибадатханалар, ертедегі иеліктер, сарай-

Мемлекеттер
басшыларынан
авторлық
кітаптарынан



лар мен бекіністер, әшекейлі-қолданбалы өнер шығармалары, мозаикалар, икон, фрескалар, gobелендер, интерьер фрагменттерінің бірегей фотосуреттер жинағы көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы Украина Елшісі Н.Ф.Селивоннан Т. Шевченконың «Гайдамаки» атты суретті кітап-альбомы сыйға берілген.

Кітап коллекциясында әлем әдебиетінің жауһарларына жататын бірегей басылымдары лайықты орындарын алған: қырғыз батырының жорықтары мен батыл ерлігі туралы «Манас» поэтикалық эпосының екі басылымы, батырма мен жартылай бағалы тастармен әшекейленген Ш. Руставелидің «Витязь в тигровой шкуре» атты кітаптың мұқабасы, Таиландтың ханшайымы М. Ч. Сириндорннан сыйға тартылған «Махаджанак» мен «Рамакиана» эпостары, «Махабхарата», «Рамаяна» үнді эпостары.

Әрбір эксклюзивті кітаптардың дайындау техникасы мен көркемдік безендірілуінде ұлттық мәдениет пен халық дәстүрлерінің ерекшеліктері қадағаланған. Мысалы, «Эстер Кітабы» еврей мәдениетінің дәстүріне сәйкес шиыршық қағаз түрінде жасалған. Ал, Қытайда б.д. I мыңжылдығының ортасында бірнеше кі-

тап түрлері таратылған. Олардың арасындағы – «чжэбэнь» — қытай тілінен аударғанда «жиналмалы кітап» дегенді білдіретін түр. Дәл осы дәстүр біздің қордағы кітаптың безендірілуінде қолданылған. Кітаптың беттері кеңірдек қатар бүрме түрінде жиыстырылып, арнайы дайындалған қаптамаларға – бүйірінен түймеленетін және бүйір жақтарын ашық қалдыратын қораптарға салынған.

Әшекейлі-көркем түрде безендірілген қаптамадағы «Туркестанский альбом» атты кітаптың тұсаукесер данасы – көптеген параметрлері бойынша бірегей қазақстандық басылым. Безендірудің негізі болып орталық медальон табылады. Оның дайындалуына өзінің бейне мағынасы бар дәстүрлі зергерлік материалдар қолданылған: күміс – денсаулықтың, алтын — молшылықтың, ыстық эмаль – күш және тазалықтың белгісі. Медальонның негізгі композициялық шешімі — қолжазба араб мәтіндердің классикалық «симметрикал дивани» стилінде орындалған Президенттің аты-жөнінің бас әріптерінен тұратын «Н.Ә.Н.» монограммасы болып табылады. Бұл стиль әлем бастауының (күн-түн, қара-ақ) симметриялық қосбірлігін бейнелейді. Сызбаның ерекшелігі: жазбаның солдан оңға қарай және керісінше оқылатындығында. Композицияның ортасында үш шаршы бар. Олар: жер, білім, даналықтың нышаны.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Музейінің ғылыми-қор жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі — Музейдің жалпы жинақтарын құрайтын, музейлік заттар мен коллекциялардың ғылыми-қорларының зерделенуі. Кітаптар коллекциясы қорларын жүйелеу және оларды мақсатты зерттеу, аннотациялау — оларды ұқыпты сақтау мен көп түрлі оқу және зерттеу қызығушылығын қалыптастыратын белсенді құралдарының бірі. Жоғарыда аталған каталогтерден басқа кітапхана қызметкерлерінің баспаға дайындаған

библиографиялық көрсеткіштері: «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті туралы кітаптар», «Президент және Тәуелсіздік». Мемлекет басшысының жеке кітапхана қоры оқырмандар мен зерттеушілерге қолдануға жабық болғанымен, мұндай басылымдар кітапхана коллекциясының жағдайы мен ерекшелігі туралы маңызды ақпарат береді.

Кітаптар жинағын көпшілікке жариялаудың тағы бір құралы — тұрақты, жылжымалы және уақытша тақырыптық көрмелерде кітаптарды экспонаттау.

Біз үшін «АЖ Музей» автоматтандырылған жүйені енгізу еліміздің мәдени мұрасының, мәдени байлығымыздың бірегей қорын сақтауды қамтамасыз ететін осы саладағы қызметтің маңызды бағытының бірі болды. Кезеңдік автоматтандыру жүйесі музейлік заттарды тіркеумен қатар кітапхана материалдарын тіркеу жұмыстарын жүргізуге, қордың сақталуына әсер ететін есептік ақпараттарды жинақтау мен қор қозғалысына бақылауды іске асыруға мүмкіндік туғызады. Бағдарлама музейлік кітапхана жұмыстарының ерекшелігіне бейімделген. Эксклюзивті кітаптарға сипаттама дайындау кезінде тек жалпы қабылданған библиографиялық сипаттама ғана емес, кітаптану мінездемесі, сонымен қатар, сыйға беруші, сыйға тарту датасы, орны, ілеспе хаттар туралы мәлімет ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі жинағындағы кітаптар, кітапшалар, мерзімді басылымдар — мәдени және тарихи артефактілер болып табылатын дәстүрлі білім мен ақпаратты тасымалдайтын басылымдарға тән сипатына қарай анағұрлым артық мәнге ие. Сыйлық ретінде түсіп, мемлекеттегі тұңғыш тұлғаның ғылыми және мәдени құштарлығын көрсететін олар ғасырлар куәсі, адамзат тарихы туралы мәдени ақпараттардың терең қабаттары болып табылады.

КАЗАҚСТАН
тәуелсіздігіне 20 жыл



Көрме бірнеше тараудан тұрады. Бірінші тарау – «Тарих толқынында» деп аталады. Онда еліміздің тарихын баяндайтын басылымдар көрсетілген. Атап айтсақ, Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде ел тарихы 12 кезеңге бөлінген. Еңбектің маңызы – тарих қойнауын зерделей отырып, ұлттық қасиетті сақтауға тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған.

Екіншісі – «Қазақ Тәуелсіздігінің сәулетшісі». Бұл тарауда ҚР Тұңғыш Президентінің ел басқару жүйесіндегі қызметі жайлы кітаптары мен еңбектері орын алды. Мысалы, «Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности» атты топтамасында Елбасы-



Осындай атаумен ақпан айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған кітап көрмесі ашылды. Көрменің мақсаты – қазақ мемлекетінің ғасырлар бойы қалыптасу тарихындағы уақыт пен ұрпақтар сабақтастығын көрсету.

мыз Н. Ә. Назарбаевтың 1991-2009 жылдардағы қызметтерінің жылнамасы берілген.

Үшінші тарау – «Қазақстан жаңа жетістіктер жолында». Оқырман қауымға Қазақстанның экономикасы мен саяси өмірін баяндайтын басылымдар қойылды. Осы тарауда еліміздің бас қаласы – Астана және аймақтар туралы кітаптар мен соңғы статистикалық мәліметтер көрсетілген.

Төртінші тарау – «Еліміздің басты байлығы – Адам» деп аталды. Оған білім және ғылым,

денсаулық, мәдениет салаларына қатысты кітаптар мен олардың дамуы жайлы еңбектер қойылған. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі қуаты – ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Сондықтан Қазақстан халқы ассамблеясы жайлы басылымдар аталған тарауда кеңінен көрсетілді.

Қазақстан бүгінгі күнде әлем елдері арасында экономикалық өсу жағы және жағдайы бойынша жетекші орында болып тұр. Әлем елдерінің қазақ елімен байланысы, әлемге әйгілі мемлекетке айналған Қазақстанның халықаралық аренадағы орны жайлы еңбектер «Әлем картасы алдында» атты бесінші тарауға топтастырылды. Тәуелсіздік – Тәңірінің сыйы. Осы бір қасиетті ұғымды бүгінгі жастарымыз жанымен сезінуі керек. Өйткені, жастар – ел болашағын, мемлекеттің жасампаздығын жалғастырушылар. Жастар экономиканы, ғылымды, мәдениетті көтеріп дамытуы тиіс. Қазір біздің мемлекетіміз не істесе де, не атқарса да – бәрін ел болашағы жастарға арнап отыр. Сондықтан соңғы тарау – «Бәрі сенің, жан Отан, қалауыңа!» деп, болашақ жастарымызға арналған.

Көрмеден Қазақстан Тәуелсіздігінің негізін қалаған маңызды құжаттардың көшірмелерін де көруге болады, олар ҚР Ұлттық мұрағатының қорынан алынды. Көрме залындағы компьютер мониторларына Қазақстан жайлы бейне-мәліметтер және плазмалық экранға «Қазақ елі» атты бейнефильм орнатылды.

Тәуелсіз ел болғаннан бергі жылдар ішіндегі өткен жол, шыққан белестерді жазып, бүгінгінің танып-білуімен қатар, болашақ ұрпақтың еншісіне қалдыратындай көптеген басылымдар шығуда. Соған үлес қосып жүргендердің бірі – ҚР Білім және ғылым министрлігі Мемлекет тарихы институты. Осы институт шығарған «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы», «Современная история Казахстана» (хрестоматия), «Мир о Нурсултане Назарбаеве», «Қазіргі Қазақстан тарихы» (оқулық), «Нұрсұлтан Назарбаев. Фотосуреттер», «Назарбаев Нурсұлтан Аби-

шевич – основатель Независимого государства» өмірбаяндық энциклопедиясы тәрізді басылымдарды институт директоры Бүркіт Аяған кітапханаға сыйға тартты.

Көрменің басты мақсаттарының бірі – жас буынға Қазақстанның елдігі, Тәуелсіздігі және дамуы туралы мәліметтер жеткізіп, жастар санасында позитивтік имидж қалыптастыру. Сол себепті көрмеге Тәуелсіздік құрдастары – Еуразия Ұлттық университетінің студенттері, Астана қаласындағы политехникалық колледж және С. Сейфуллин атындағы аграрлық техникалық колледждің оқушылары және «Жас Отан» жастар қанатының өкілдері қатысты. Олардың қатарында ЕҰУ филология факультетінің III курс студенті, жас ақын, «Алқа» әдеби ұйымының жетекшісі Жанболат Шәкімов пен «Жас Отан» жастар қанатының өкілі, университеттің физика-техникалық факультетінің II курс студенті Нұрайым Пірзадаева өз сөздерінде көрнекті қоғам қайраткерлерімен жастардың жиі кездесіп, еліміздің жеткен жетістіктерімен және жеке тәжірибелерімен ой бөлісіп, ұрпақтар сабақтастығын жандандыратын осындай кездесулер арқылы жастар қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың бүгінгі жетістіктерін бағындыру олардың қолынан да келетін іс екендігін атап өтті.

Айта кету керек, аталмыш көрме жыл бойына жалғасып әр түрлі жаңа кітаптармен, электронды ресурстармен толықтырылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы мен Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан халқы Ассамблеясы, жоғары оқу орындары және басқа да мекемелермен байланыста бірқатар шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Бұл көрме – Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында кітапханамыздың күн тәртібінде тұрған көптеген іс-шаралардың бастамасы. Осынау ұлық мерекені әрбір отандасымыз жан жүрегімен сезінуілері тиіс.



Дайындаған Сәулеш НАЗЫРОВА
SauleshS.Nazyrova@nabr.kz

“Бір ел – бір кітап”

акциясы



Қазақтың даңқты жазушысы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист, ұттық әдебиетті қалыптастырушылардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлының кез келген туындысы ұлтты сүюдің барометрі іспетті. Жазушының өлең тілінде ағылып, психологиялық иірімдерде иіріліп, бір ғана қаршадай қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде отаршыл елдің оспадар мінезі мен әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ елінің жағдайын, сол кездегі қазақ ауылының өзгеру үдерісін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірегейі – «Ақбілек» романы. Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың жетекшілігімен өткен «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің шешімімен биыл жалпыхалықтық оқуға Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы таңдалды.

Кітап қалай таңдалды?!

«Бір ел – бір кітап» акциясы бесінші рет ұйымдастырылғалы отыр. Жақында аталған акцияны ұйымдастыру комитетінің кезекті отырысы өтті.

Ұлт зиялылары мен кітапханашылардың қатысуымен өткен басқосуда «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің төрайымы Фариза Оңғарсынова: «Алдағы акцияға облыстық кітапханалар тарапынан бірқатар ақын-жазушылардың шығармалары ұсынылыпты. Бірақ мұнда кемшіліктер байқалады. Олар өз пікірлерін дұрыстап баяндауы керек еді. Не үшін ұсынып отыр. Ол жағы белгісіз. Осы ұсынылып отырған ақын-жазушылардың алған дауыстарын саралай келгенде үш автордың есімі озық шықты. Олар – М. Мақатаев лирикасы, О. Бөкейдің прозалық шығармалары, Қ. Аманжоловтың поэзиясы. Меніңше, биыл прозаға келгеніміз дұрыс. Кімді таңдаймыз?! Сіздердің пікірлеріңізді білейік», – деп, ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне назар аударды.

Бірінші болып сөз алған ҚР Жазушылар Одағы Астана филиалының жетекшісі, жазушы Әкім Тарази: «Акция Абайдың қара сөздерін оқудан басталды. Одан соң М. Әуезовті, М. Жұмабаевты таңдау мүмкіндігі болды. Мұның бәрі қазіргі қазақ оқырмандарының өз тарихын білуіне көмекке келеді. Ал ұлттық намысты ояту үшін өткен жылы Ж. Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасын оқыдық. Бұдан біз ұтылған жоқпыз. Осы ретте проза, поэзия деп жанрға бөлудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Сондықтан М. Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» деген шығармасын ұсынамын. М. Мақатаевтың прозасының өзі лирика. Ол – қара сөзбен поэзия жазған ерекше тұлға. Автор ұлтының азаттығын қорғайды. Сондықтан менің таңдауым – М. Мақатаевқа түсіп отыр. Ал О. Бөкеевтің кезегі де келер деп ойлаймын», – деп сөзін сабақтады. Таңдау кезінде кітапханашылардың ұсыныстарының немқұрайлылығы жайлы баса айтылды. Осындай кемшін түсіп жатқан кей-

бір мәселелер жайында ҚР Президенті Әкімшілігі баспасөз орталығының сектор меңгерушісі, жазушы-драматург Төлен Әбдік: «Мен кітап таңдау отырысына бірінші рет қатысып отырмын. Әдебиетімізде үлкен проблемалар бар. Біз әлі кеңестік санамен жүрміз. Басымыздың іші қойыртпақ. Деколонизациядан шығатын түріміз жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, әлі жершілдік бар екен. Мәселен, Ш. Мұртазаны Жамбыл, Ы. Алтынсаринді Қостанай ұсыныпты. Әдебиет – халыққа ортақ дүние. Таңдауға келгенде Әкім ағаның ұсынысына қосыламын. Мұқағалиды зерттеуге лайықты шығармалар бар. Ол – поэзиясындағы жалғыздық феномені. Мұқағалидың жалғыздығы – әлі де өзекті құбылыс. Оның шығармаларында тереңнен сырласу бар. Ал С. Мұқанов, Б. Майлинді келер ұрпақ оқымайды. Советстан ешкімге керек емес. Сондықтан әдебиетте қатаң талап болуы керек», – деді.

Басқалардан пікірі өзгеше шыққан Л. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Отырар кітапханасы» Ғылыми Орталығының директоры Тұрсын Жұртбай: «Бұл акция – өте жақсы бастама. Бірақ акцияға арнап кітапханашылардың жіберген тізімдері маған ұнамады. Көркем шығарма деңгейі жоғары болуы керек. Бүгінде қазақтың психологиясы өзгеріп отыратын болды. Кітап адам психологиясына тікелей әсер етеді. Сондықтан кітапты таңдағанда кітапханаға талапты қатты қою керек. Кітапхана – адам санасының тамыры. Қолға бір рет те алынбаған кітаптар бар. Әдебиеттің кез келген мәселесін көтерген шығарма – Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы. Бұл – адам баласының ойлау жүйесі мен тілін қалыптастыруға көмегі тиетін туынды. Егер проза десек, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романын немесе О. Бөкеевтің прозалық шығармаларын ұсынар едім. Ал «Райымбек, Райымбек» – М. Мақатаевтың орта деңгейдегі туындысы. Сондықтан лирикасын ғана алуға кеңес беремін», – деп

Фариза Оңғарсынова:
«Алдағы акцияға облыстық кітапханалар тарапынан бірқатар ақын-жазушылардың шығармалары ұсынылыпты. Бірақ мұнда кемшіліктер байқалады. Олар өз пікірлерін дұрыстап баяндауы керек еді. Не үшін ұсынып отыр. Ол жағы белгісіз... Меніңше, биыл прозаға келгеніміз дұрыс. Кімді таңдаймыз?!»

Ғарифолла Есім: «Қазір біз бір-бірімізге дәріс беріп отырмыз. Енді біреулерге бағыт беріп отырмыз. Осы ұсыныстар бойынша басылымдарда жазылуы керек. Ол да – саралаудың бір жолы. «Бір ел – бір кітап» акциясы – керемет жаңалық, жақсы үрдіс...»

ашығын айтты.

Жалпыхалықтық оқуға кітап таңдау өте қызу және қызықты талқыланды. Сөз бұйдасын қолына алған ҚР Парламент Сенатының депутаты Ғарифолла Есім: «Қазір біз бір-бірімізге дәріс беріп отырмыз. Енді біреулерге бағыт беріп отырмыз. Осы ұсыныстар бойынша басылымдарда жазылуы керек. Ол да – саралаудың бір жолы. «Бір ел – бір кітап» акциясы – керемет жаңалық, жақсы үрдіс. Ал тізімге байланысты айтсақ, тізім әр түрлі келген. Ол үшін біреулерді жазғырмайық. Өз басымы «М. Мақатаевқа» сөзсіз тоқталамын. Өткен акцияларда қиыншылық көп болды. Мәселен, М. Жұмабаевтың лирикасын алғанда көпшілік меңгере алмай қалды. Сондықтан кез келген ақынның, жазушының бір ғана шығармасына тоқталу орынды болар еді. Меніңше, «Райымбек, Райымбекке» тоқталғанымыз дұрыс. Ақын періштеге қызмет етеді ғой. Әулие адамды Мұқағалидың аузымен халыққа жеткізсек деп ойлаймын. Оған қоса, Райымбекке ескерткіш қойылып жатыр. Ол – басынан көп қиындық өткізген тұлға», – деп өзінің ұстанымын мәдениетті жеткізді.

Сенатордың сөзінен кейін іле-шала Әкім Тарази: «Райымбектің көркемдік деңгейі төмен деп жатыр. Ол – өте көркем шығарма. Оны төмендету дұрыс болмады. Ғарифолла мырза, қолдау білдіргеніңіз үшін сізге көп рақмет!», – деп қынжылды.

Әңгіменің ауанын сабыр сақтап күтіп отырған «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Аман-

тай Шәріп: «Байқасам, басым дауыс Мұқағалиға ауып барады. Шығармаларын бәріміз де сүйіп оқимыз. Басылым беттерінде де көп жарияланып жүр. Ол кісіге артық насихаттың да қажеті жоқ. Оны халық өзі оқиды. Мұнымен қатар келер жылы — М. Мақатаевтың 80 жылдығы. Акция соның астында көміліп қалмаса деген күдік бар. Меніңше, ХХ ғасыр ақыны атанған Ж. Нәжімеденовтің өзі де – жалғыз, өлеңі де – жазғыз. Мақсат оқуды қалыптастыру болғандықтан қазақ ертегілеріне тоқталған да дұрыс секілді. Егер проза десек, нақты ұсынысым – Б. Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі», – деді.

Расында Жүмекен Нәжімеденовтің тереңнен шымырлап шығатын тымық поэзиясы әлі күнге дейін өз бағасын алып, нақты зерттелмей келеді.

Республика көлемінде оқылатын кітапты таңдап алу оңайға түсе қоймады. Сан алуан пікірдің ішінен салмақтысын таңдауда сабырлықпен қоса көрегендікті қажет ететіні сөзсіз. Осы жайында Сенатор Ғ. Есім: «Біз бір-бірімізді тыңдап, әрқайсымызды құрметтеуге жеттік. Бұған қуанамын. Деңгейіміз өсті. Осы айтылған пікірлерден дұрысын таңдап алуымыз керек. Біз осы ұсынысымызды телеарналар арқылы шығаруымыз керек. Сағат Әшімбаевтың «Парыз бен қарызы» секілді «Бір ел – бір кітап» деген бағдарлама ашуға болар еді», – деген ұсыныс тастады.

«Бір ел – бір кітап» акциясының ұйымдастырылуына алғаш рет ұйтқы болған ҚР Кітапханашылар Ассоциациясының президенті Роза Бердіғалиеваның пікірі өзгеше болды. Ол: «Біз Қазақстанда оқу ісін ілгерілету шарасын өткізу үшін көп ойландық. Бірақ бізәлі концепцияға келген жоқпыз. Жаңа есімдерді неге көрсетпейміз?! Жастарды қолдауымыз керек. Жас ақын ретінде маған Б. Қарағызұлы ұнайды. Өзі жас болса да ойы терең. Бір айтарым, акция әлі өз деңгейіне жеткен жоқ. Тек кітапханашылардың ортақ табысы болып отыр. Кітап оқыту – бүкіл елдің жұмысы», – деді.

Тұрсын Жұртбай:

«Бұл акция – өте жақсы бастама. Бірақ акцияға арнап кітапханашылардың жіберген тізімдері маған ұнамады. Көркем шығарма деңгейі жоғары болуы керек. Бүгінде қазақтың психологиясы өзгеріп отыратын болды. Кітап адам психологиясына тікелей әсер етеді. Сондықтан кітапты таңдағанда кітапханаға талапты қатты қою керек. Кітапхана – адам санасының тамыры...»

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұжымының атынан сөз алған бас директордың орынбасары Гүлшат Дәрібаева О. Бөкеев шығармаларын ұсынатынын жеткізді.

Акцияның жұмысына алаңдаған Т. Жұртбай: «Осы акцияның 80 пайызы Білім және ғылым министрлігіне байланысты. Осы министрлікке қарасты білім беру мекемелерінде талқыланбаса, акцияның түкке пайдасы жоқ. Аталған министрлікті тартуымыз керек», – деді. Осы кезде талқылауды бақылап отырған ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің сарапшысы Әлібек Күзербаев: «Жаңа жақсы ойлар айтылды. Сондықтан алдағы шараны жоғары деңгейде өткіземіз», – деп отырғандардың көңілін көтерді.

Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің пікіріне өз ризашылығын білдіре отырып, өз өтінішін білдірген Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Хабиба Ақжігітова: «Біздің облыстағы тұрғындардың елу пайызға жуығы басқа ұлт өкілдерінен құралған. Бір өтінішім, облыс әкімдеріне хабар жіберсеңіздер. Біз Мағжанды орыс ұлтына жеткізу үшін Ә. Қодарды шақырдық. Қолдау қажет. Сол үшін министрліктен хабар жіберілсе...», – деді.

«Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің төрайымы Фариза Оңғарсынова: «Құпия дауысқа салу үшін ұсынылған авторларды атап өтті. Олар: 1. М. Мақатаев «Райымбек, Райымбек» немесе лирикасы»; 2. Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы; 3. О. Бөкеев прозасы». Барлығы он екі адам дауыс берді.

1. Дауыс нәтижесі – 1. М. Мақатаев «Райымбек, Райымбек» немесе лирика-

сы» (4), 2. Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы (5), 3. О. Бөкеев прозасы (3). Сонымен биылғы акцияның кітабы Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы болып отыр. Сөз соңында «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетінің төрайымы Фариза Оңғарсынова: «Бүгін бір жақсы отырыс болды. Бір кемшілігіміз, басқа министрліктерді, қоғамдық ұйымдарды осы шараға тарта алмай отырмыз. Газеттерге акция туралы жазуымыз керек. Әрқайсысымыз телеарналарға шығып акция кітабын насихаттауымыз керек. Облыстық кітапханалар өздері жергілікті бизнесі бар азаматтарын демеуші етіп қоссын. Енді алдағы бірқатар міндеттерді бөліп алайық», – деп, қаулы бойынша Астана кітапханаларындағы акция шараларын ұйымдастыру жұмыстарына Т. Жұртбай, Акция аясында атқарылып жатқан шарлар қадағалауға Ф. Исақанова, қалалық Білім басқармасы 2011 жылғы Астана мектептерінде ұйымдастыру шараларына шақыру үшін Р. Бердіғалиева, Нұр-Отан ХДП-сына оқу акциясы туралы мәліметтер беріп, шараға қатысуға тарту үшін Ж. Сүлейменов, ҚР Қорғаныс министрлігіне оқу акциясы туралы мәліметтер беріп, шараға белсенді атсалысуға А. Смайыл газет-журнал беттерінде акция іс-шаралары туралы мақалалар жариялауға А. Шәріп, Акцияға арналған кітапты БАҚ арқылы насихаттауға сұхбаттар беруге Ф. Есім, Т. Әбдікке нақты тапсырма берді.

Төлен Әбдік:

«Мен кітап таңдау отырысына бірінші рет қатысып отырмын. Әдебиетімізде үлкен проблемалар бар. Біз әлі кеңестік санамен жүрміз. Басымыздың іші қойыртпақ. Деколонизациядан шығатын түріміз жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, әлі жершілдік бар екен. Мәселен, Ш. Мұртазаны Жамбыл, Ы. Алтынсаринді Қостанай ұсыныпты. Әдебиет – халыққа ортақ дүние...»

Әкім Тарази:

«Акция Абайдың қара сөздерін оқудан басталды. Одан соң М. Әуезовті, М. Жұмабаевты таңдау мүмкіндігі болды. Мұның бәрі қазіргі қазақ оқырмандарының өз тарихын білуіне көмекке келеді. Ал ұлттық намысты ояту үшін өткен жылы Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасын оқыдық. Бұдан біз ұтылаған жоқпыз. Осы ретте проза, поэзия деп жанрға бөлудің қажеті жоқ деп ойлаймын.»

Дайындаған
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
e-mail: 87017098882@mail.ru



Сәкен Сейфуллин

туралы ЭНЦИКЛОПЕДИЯ жарық көрді

Поэзия – жан әлемінің үлі. Поэзия – он сегіз мың ғаламның сөзге айналған періштесі. Ұлы Абай оны: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деді. Ал ақын — Алланың сүйікті құлдарының бірі. Ақын тілі – ақиқаттың жаршысы, Ақын жаны – сұлулықтың символы. Ақының аққуы, ақынның кербезі, Алаштың аяулысы – Сәкен Сейфуллин.

Ақпан айының басында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Сәкен Сейфуллин» атты

тұлғалық энциклопедияның тұсаукесер рәсімі өтті. Арқаның кербез ақыны Сәкен Сейфуллиннің тұлғалық энциклопедиясын Қарағанды «Болашақ» университеті жанынан құрылған Орталық Қазақстан гуманитарлық ғылыми зерттеу институты дайындаған. 9 бөлімнен тұратын кітапта ақынның өмірі мен шығармашылығы, қоғамдық істері жан-жақты баян етілген. Энциклопедия 2010 жылы Алматы қаласындағы «Темірқазық» баспасынан жарық көрген.

Сөзі де сұлу, өзі де сұлу, қаймана қазақ үшін кешкен ғұмыры да өнеге Сәкен Сейфуллиннің мұрасы біз үшін – мәңгіліктің тынысындай. Ақынға ар-



налған құнды кітаптың тұсаукесерін Сәкеннің жалғасындай болып көрінетін қазақ елінің адуынды айтыскер ақыны, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтаев жүргізді.

Энциклопедияның тұсаукесеріне Сенатор, қоғам қайраткері – Оралбай Әбдікәрімов, ҚР Мәжіліс депутаттары – Алдан Смайыл, Бекболат Тілеухан, белгілі меценат, аталмыш еңбектің бас демеушісі Сәбит Қарашолақов, Қазақстан Жазу-



нетті істің басы-қасында болып, абыроймен атқарып шыққан институт ғалымдары мен қызметкерлеріне алғысын білдірді. Ғалым Жайлыбай өз сөзінде Енді «Болашақ» университеті жанынан «Сәкентану орталығы» ашылса деген ұсыныс жасады, сондай-ақ жақында «Фолиант» баспасынан С. Сейфуллиннің «Нар тұлға» атты шығармалар жинағы жарық көретінін ілтипатпен атап өтті.

Ырымжан Сейфуллина:

Сейфолла мен Жамалдан жеті перзент туған, солардың тұңғышы – Сәкен. Сәкеннен кейін Мәлік (Мөлғаждар), Әбен,



шылар Одағы басшыларының бірі, айтулы ақындар Ғалым Жайлыбай, Серік Тұрғынбеков, асылдың сынығындай Ұлымжан Сейфуллина апай, халық әртісі Қайрат Байбосынов, белгілі әнші Серік Оспанов, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды «Болашақ»

университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков және «Сәкен Сейфуллин» энциклопедиясын әзірлеген шығармашылық топ қатысты.

Тұсаукесер рәсімінде сөз сөйлеген белгілі қайраткер-тұлғалар толағай еңбекке толымды баға берді, осы бей-

Мәжит деген төрт ұл, Рахима, Сәлима, Қалима атты үш қыз болған. Көргендердің айтуынша, Сәкеннің үш қарындасы да өте сұлу болғандықтан, көз тиіп қайтыс болыпты. Негізі, Сәкеннің өз кіндігінен екі бала болған. Тұңғышы Лаура 1929 жылы туылып, 1932 жылы қайтыс болып кеткен. Содан біраз уақыт балалары болмаған соң, әлі екі жасқа толмаған уақытымда ата-әжеміз мені Мә-

життен алып, Сәкеннің бауырына салады. Содан ол мені өзінің туған қызындай жақсы көрсе, мен де Сәкенді туған аға атап кеттім. Сәкен сондай балажан еді. Маған ерекше мейіріммен қарап, нендей еркелігім болса бәрін де көтеретін. Ол қырық екі жастан қырық үшке қараған шағында атылды ғой. Сол уақытта мен бала болсам да Сәкенге келген адамдардың жас-көрі демей үлкен бір адамға келгендей «аға, аға» дейтініне таңғала қарайтынмын. Ол кісі кабинетінде жұмыс істеп отырғанында бір адам батылы барып есігін қаға алмайтын. Сондайда біреу тығыз шаруамен келсе не болмаса тамақтануға шақыру керек болса «бар, туған ағанды шақыр» деп мені жіберетін. Сосын мен ептеп қана кабинетінің есігін ашамын. Ол кісі үнемі төмен қарап жазып отырады да, менің кіргенімді байқамай да қалатын. Аяғымның тықырын сездірместен, арқасынан барамын да мойнынан құшақтап алатынмын. «Ой, жаным, келдің бе?..» — дейтін де, тізесіне отырғызып алып, үнемі жаңғақ толып тұратын тартпасын ашатын. Содан бір уыс жаңғақ алып, ерінбестен мені ертіп есіктің алдына шығып, жаңғақты шағып жегізетін. Сөйтіп өсірген бала едім мен...

**Оралбай Әбдікәрімов,
Сенат депутаты:**

– Сәкеннің өмірбаяны әлі ашылар. Бұл — енді алғаш рет көлемді етіп шығарылған кітап. Осы үрдіс әрі қарай

толықтырылады деп сенемін. Өйткені, елімізде осындай азаматтар болса, Сәкенді сүйетін халық болса, әрине талай әңгімелер айтылады. Талай жаңалықтар ашылды. Сәкен Сейфуллиннің рухы кеше тағы бір жаңғырды. Бұл



жолы 200 шақырым жерден Елордаға «сүйінші» айта келген азаматтар «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаның энциклопедиясын баспадан шығарып ала келіпті. Энциклопедия Қарағандыдағы «Болашақ» университетінің Орталық Қазақстан гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтында дайындалған екен. Бас редакторы – «Болашақ» университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков. Расын айту керек, осынау нар тұлғаны елеп-ескеріп, оқырман үшін тамаша дүниені жерлестерінің қолға алғаны қатты қуантты.



**Нұрлан Дулатбеков,
«Болашақ» университетінің
ректоры:**

– Оқырман қауымға ұсынылып отырған Сәкен Сейфуллин энциклопедиясы айтулы ақын, өйгілі жазушы, ірі қоғам қайраткерінің шығармашылық жолдары мен қоғамдық істерінің тағдыр-талайынан сыр шертеді. Бір ақиқаты – кеңес дәуірі Сәкенді біржақты ғана бағалап, ақын өмірінің күнгейіне қызыл бояу қызыға жағылып мадақталды. Соның нәтижесінде кеңес кезеңі құрдымға кеткенде, ақынды асыға және асыра сынауға жол берілді. Біздіңше, Сәкеннің өз ұлты үшін күйіп-жанып, отқа түскен қадір-қасиеттерін көлеңкеде қалдырудан туған мұндай пікірлердің ғұмыры қысқа екендігін уақыт дәлелдеп жатқандай...

«КП» ақпарат

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕҢІ – ҚҰДІРЕТІМ»

Жыл басында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толу мерейтойы қарсаңында «Жүректен шығар бір күн сыр бұлағым» тақырыбымен әдеби-танымдық кеш өтті. Кешке қазақтың ардақты ақыны Фариза Оңғарсынқызы қадірліқонақ ретінде қатысып, кітапхананың тұрақты оқырмандары – мүмкіндігі шектеулі жандардың ыстық ықыласына бөленді. Жиынды ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры Жанна Шаймұханбетова алғысөзбен ашып, әдеби-танымдық кештің асқар тұлғасы М. Мақатаевтың замандасы, өз дәуірінде түсінбестік танытқан ер азаматтардан ерекше батыл әрі өр мінезді қыз да болса мұңдасы болған Фариза апайдың келгеніне алғыс білдірді. Сонымен бірге «Қазақ соқырлар қоғамы» Қоғамдық Бірлестігі Астана қалалық филиалының төрайымы Хазима Ержанқызы да қонақтар қатарында болды. Жүректерге қуаныш сыйлаған поэзия кешінің өзгеше екпінмен өткізілуіне «Қазақ соқырлар қоғамының» мүшелері де атсалысты.

Кеш барысында М. Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім» атты әдебиеттер көрмесіне шолу жасалды. Бекен Таханов браилдық жазуда Мұқағали Мақатаевтың қысқаша өмірбаянын оқып берді.

«Ақынның ақындығы – арда ғана» деген бірінші бөлімде Фариза Оңғарсынқызы Мұқағали Сүлейменұлын қазақ ақындық өнерінің бірегей өкілі деп атаса, оқырмандар Фариза Оңғарсынқызына М. Мақатаевпен кездесулері жайында сауалдар қойып, ақынның қысқа ғұмырында ортаймас әрі қай дәуірде болмасын адамдық ойлау мен өлемдік ойлау биігіне көтерілген шығармашылығы жайында әңгіме өрбітті. Ақиық ақынның адами тектілігі жайында біршама ой бөліскен Фариза Оңғарсынқызы Мұқағалимен көп қауыша алмадым деп те екінші білдірді. Оқырмандардың сұрауымен Фариза Оңғарсынқызы өз шығармаларынан бірнеше өлеңдерін оқып берді. Ал «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ Астана қалалық филиалының төрайымы Хазима Ержанқызы жуық арада Мұқағали Мақатаев туралы Қазақ драма театрында қойылған қойылымнан алған әсерін айшықтап, Фариза Оңғарсынқызының ақын өміріндегі көрінісін тамашалаған қойылымды суреттеп бергендей айтып өтті.

«Мен жырлаймын, сырласамын / Сыры бір замандаспен мұңдасамын» атты екінші бөлімде кеңес дәуіріне сыймай кеткен ақынның әуенге айналған жырларында кіршіксіз пәк көңілі, адал да жарқын мінезі байқалады. Әсіресе, бұл соқырлар қоғамы мүшелерінің орындаған ән-жырларында өзіндік көрініс алды. Рахымша Ербайдың домбырада сүйемелдеуімен қоғам мүшелері бірге «Сәби болғым келеді» әнін орындады. Бақытжамал Кәрібаева ақын өмірінен бір өкінішті сәтті әңгімелеп, «Сабағы әлсіз сары гүл» атты өлеңді оқып берді.

Қазақстан жастар сыйлығының лауреаты, «Қаламқас» ән-би ансамблінің жетекшісі, ҚР «Құрмет» грамотасының иегері Қуанышбек Татенов «Есіңе мені алғайсың» әнін шырқады.

Келесі «Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген...» атты үшінші бөлімде отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттері басым ақынның туған жер, Отан туралы ән-жырларына кезек берілді. Жазит Қонтаев Рақымша Ербайдың баянмен сүйемелдеуінде «Сарыжайлау» әні шырқалды. Раушан Әбдірасимова «Не жетсін өмір сүргенге» атты өлеңді мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, Тілеулес Мұқанов домбырамен «Қазағым-ай» әнін шырқады.

Ал «Ақиқаты Алланың тапты іздеп» атты төртінші бөлімде жүргізуші Мұқағали Сүлейменұлы кеңес өкіметі тұсында 1970 жылы дін туралы тақырыпқа батыл барып, кемел ойдың келешегін көре білгендігі, алдағы таңда елордамызда еліміз Ислам конференциясының төрағасы болатындығын сөзгендей көрегендігі үндесіп әрі Жаратқан Иемізге деген сана-сезімінің ортаймағандығы өлең-жырларында өзгеше көрініс тапқан. Сейітжаппар Қабай ақынның «Біріңдер әлемнің мұсылманы!» атты өлеңін мәнерлеп оқып, домбырада «Қариялар азайып бара жатыр» әнін шырқап берді.

«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты қорытынды бөлімде ақынның өз күнделігінен: «Егер бір кездерде менің өмірім, творчеством әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім: «...Мен өзімнің «Менім» арқылы жасырмай, жаппай өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын», – деген сөздері оралып, Мұқаң түсірген сәуле әр жүректе өзінше қабылданып, өзінше жырланатындығын ескере келе, ақынның жас ізбасарлары Бауыржан Арыстанбеков пен Бауыржан Қарағызұлы және Сәуле Кахметова өз өлеңдерін тарту етті.

Кеш соңында кітапхана директорының орынбасары Ғалия Бөкейқызы Фариза Оңғарсынқызына алғыс айтып, Мұқағали шығармашылығын «Бірел–біркітап» акциясының басты тақырыбына қоюға болатыны жайында атап өтті. Басқосудың соңында Фариза Оңғарсынқызы кешке қатысушы оқырмандардың зеректігіне, мәдениеттілігіне, өнерпаздық орындаушылық қабілеттеріне тәнті болып, ізгі ниетін де білдірді. Осылайша, оқырмандарымыздың Фариза Оңғарсынқызымен қауышқан сәтте қуанышқа бөленіп, ақиық ақынға деген ықылас-пейілдерінің ешқашан сейілмейтіндігіне көз жеткіздік.



ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ

және


Зиманов қолтаңбасы

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР

Жоғарыдағы тақырыппен ақпан айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында дөңгелек үстел өткізілді.

Бұдан тура жиырма жыл бұрын еліміз егемендік алып, Көгімізге Көк байрағымызды көтердік. Осы ретте егемендікті заңдастыру жұмысына белсене атсалысқан білікті заңгердің тұлғалық қасиеттерін басқосу барысында барынша жеткізе баяндаған бірден-бір заңгер-ғалым әрі ұлы ұстаздың шәкірті – ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің асыл ойларының куәгері болдық!

Желіде көркем әдебиеттердің электронды көшірмелерінің белгілі бір бөлімі беріледі. Алайда интернет-кеңістіктегі құжаттамалардың негатив сипаттары да кездеседі. Атап айтсақ:

- баспа-редакциялық дайындықты қажетсіз жарияланған сапасыз мәтіндердің көптігі;
- мәтіндерді жариялаушы тұлғаның/ұйымның салғырт жауапкершілігінің салдарынан «екінші рет» басылуы немесе бақылаусыз «қайта бастырудың» жиілігі;
- бір атаудағы құжаттардың мазмұнын өз еркімен өзгертуі және оның тұрақсыздығы;
- электронды құжаттар мен тұтас топтамалардың тұрақтамауы, өйткені ресурс мекен-жайын өзгертуі немесе өз жұмысын тоқтатуы мүмкін;
- белгілі бір кезең бойынша мәтіндердің сақталуына жауапты институттың болмауы және т.б..

Жалғасы келесі санда

Текущая осведомленность с помощью RSS: придерживаясь традиций 2.0

Автор Мередит ФАРКАС,
преподаватель Государственного университета Сан-Хосе

Перевод Жанар КУЛЖАЕВА,
координатор информационных ресурсов
Отдела образования, культуры и прессы
Посольства США в РК

Когда я получила библиотечное образование, то из-за своего профессионального интереса я внимательно отслеживала блоги и журналы. С помощью инструмента чтения RSS, в моем случае это Google Reader, я старалась запоминать, какие мне нужно прочитать журналы.

К счастью, за последние несколько лет стала возможной подписка на большинство библиотечных и связанных с библиотечным делом журналов через устройства RSS. RSS-поток – это инструмент, позволяющий просматривать содержимое веб-страниц, которые периодически обновляются, поэтому нет необходимости посещать те сайты, откуда пришла статья. Как только вы обнаружите RSS-поток страницы, которую вы хотите отслеживать, просто скопируйте эту ссылку в то устройство, с помощью которого вы читаете RSS (RSS Reader, клиент электронной почты, персональная стартовая страничка и так далее). Как только новое содержимое размещается на веб-сайте, оно сразу же будет доставлено. Теперь вы можете отслеживать профессиональное общение через блоги, журналы, научные журналы и многое другое – все в одном месте. Для этого есть поток. Когда мне нужно отследить какой-то определенный журнал, я, в пер-

вую очередь, удостоверюсь, что журнал доступен через базу данных, на которую подписана моя библиотека. Большинство поставщиков баз данных, такие как EBSCO, ProQuest и Elsevier, обеспечивают RSS-потоки, предоставляющие самые последние заголовки статей журналов на ваш инструмент чтения.


Если статья из журнала доступна, лучше всего получить RSS-потоки через базу данных, где журнал доступен в полнотекстовой версии. Для этого достаточно нажать на ссылку в RSS. Если у вас база данных, которая не предоставляет RSS-потоки на этот журнал, или ваша библиотека не подписана на нее, вы также можете получать содержание журнала с помощью RSS через сайт журнала. Например, RSS этой колонки есть на сайте журнала «Американские библиотеки». Многим будет интересно следить за какой-то определенной темой, чем за конкретным журналом. Например, моя область интересов – это

инструкции в области информационной грамотности. Статьи на заданную тему могут публиковаться в различных журналах. Некоторые базы данных, особенно от крупных поставщиков, всегда предоставляют возможность подписаться на поисковые настройки. Вы задаете поиск в базе, который затем выводит результат нужного поиска, а после подписываетесь на RSS. Всякий раз, когда будет опубликована новая статья, соответствующая вашему критерию поиска, она будет вам отправлена. Это позволит вам быть в курсе текущей информации или определенных тем, которые наиболее соответствуют вашему интересу.

Известно, что в современном мире мы находимся под натиском такого количества информации, что любой заголовок, который вовремя не попался нам на глаза, будет потерян. Вот почему RSS настолько ценны. Они позволяют нам регулярно выбирать именно тот тип информации, который мы хотим найти,

Об авторе: Мередит Фаркас - заведующая образовательными инициативами Норвичского университета в Норфилде, штат Вермонт и преподаватель факультета библиотечных и информационных наук в Государственном университете Сан-Хосе. Ведет блог под названием «Информация хочет быть бесплатной».


Источник: «Американские библиотеки», январь/февраль 2011
(www.americanlibrariesmagazine.org)



Сурет М. Мағауиннің
«Қобыз сарыны» кітабынан
алынды (79 бет, 2007 ж.
Алматы, «Мектеп» баспасы)



Поэзия патшалығы





Сурет М. Мағауиннің
«Қобыз сарыны» кітабынан
алынды (84 бет, 2007 ж.
Алматы, «Мектеп» баспасы)



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

(1675-1768)

Ақтамберді Сарыұлы Оңтүстік Қазақстан өңірінде, Қаратау бойында дүниеге келген. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық талантын тым ерте, 10-11 жасында танытқан ол 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатынасады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалады. Бірде, тіпті, жортуылда жау қолына түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңда ғана қашып құтылады. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл оңтүстік және шығыс аймақтан айрылған шақта, Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде қазақ руларын Атамекенге біржола орнықтыру ісінде зор қызмет атқарады.

Тоқсан үш жасында қайтыс болады. Жыраудың қайта тұрғызылған күмбезі қазір Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Жүрекжота деген төбенің басында тұр.

Жағалбай деген ел болар,
Жағалбай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегінің бастары
Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегінің бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін!..

Жағама қолдың тигенің,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ.
Көрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан.
Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан.
Жасым жетіп он беске,
Кірер ме екем кеңеске.
Бұғана қатып, бел бекіп

Ерегескен дұшпанмен
Шығар күн туса күреске!

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім белдікке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, Құдай, тілекке!

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан.
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап!

Ей, азаматтар, шоралар,
Атты мінсең зорды мін,
Биік біткен теректей,
Қару алсаң мылтық ал,
Қарның ашса тамағың,
Жаяу жүрсең таяғың,
Бір күнің керектей.
Киім кесең қаттау ки,
Суық келсе панаң-ды

Найза тисе қалаң-ды,
Тобылғының беректей.
Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Меке алдыңда,
Пейіліңмен сыйласаң,
Атаң менен анаңды!

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді,
Ақылың барың ұғарсың,
Ойың болса сөзімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайың,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан қайтейін!..
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымың, Құдайым!

ИСЛАМ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

*Барлық мақтау
Аллаға лайық!
Ақтамберді жырау
қазақ тарихындағы
аласапыран кезеңде
өмір сүрді. Жан әлемін
жылатқан жалғыздық
жасын жалынды жыры-
мен құрғатып, дарқан
даланың қобызы бо-
лып күңіреніп, қас
дұшпанға қарсы шауып,
қабырғадан қан кешіп,
қаймана қазағының рухы
болып жарқылдап, пәк
ойлап, ақ сөйлеген Абы-
зы болып толғанып,
жаратылғандарға емес,
тек Жаратқанға бас
иіп асқақ өмір сүрді.
Шүкір, Алла, бұл шағын
мақаламыз – алдаспан
тілді, жауһар жүректі,
аспан тектес айбынды
Ақтамберді жыраудың
рухына!*

Жаратушы хақ Алла жан-дүниесін сұлу етіп, жастайынан әділдік мәнін ұғындырып, маңдайына тарпаң тағдыр жазып, таңдайына дұғалы сөз тұндырды. Жыраудың жас кезіндегі аузынан ақ жалын шашып ашына жырлаған тақырыбының бірі – жалғыздық. Жалпы жалғыздық екі түрлі болады. Біріншісі – атадан жалғыз туғанда. Екіншісі – Ұлы Жаратушының назарындағы таңдаулы тұлғалардың жалғыздығы. Таңдаулы тұлғалар кімдер десек, қасиетті Құран Кәрімдегі «Шұғара» сүресінде көрсетілген сөз иелері яғни, жыраулар, шайырлар, ақындар. Бұл жалғыздық – Құдайға жақындатады, Рухты, Арды, Намысты, Ақиқатты сөйлетеді.

Ол «Жағалбай деген ел болар...», «Жел, жел есер, жел есер...», «Жағама қолдың тигенің, Жалғыздық сенен көремін...», – деп басталатын толғауларында атадан жалғыз туғандығы туралы айтады. Оған себеп – сол кездегі ағайын-туғанынан көрген зорлық-

зомбылық. Бұл туралы Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» еңбегінде айтылып өтеді. Оны қайталау артық деп санадым.

Ал біздің айтпағымыз – екіншісі. Ол үшін қасиетті Құран Кәрімге жүгінеміз. Құран Кәрімде 114 сүре болса, соның біреуі «Шұғара» деп аталады. Бұл «шайырлар, жыраулар, ақындар» деген мағынаны білдіреді. Осы сүреде: «(223) Ақындарға азғындар ереді. (224) Рас, олардың ойпаттарда (ой ойпаттарында) қаңғып жүргенін көрмедің бе? (225) Рас, олар істемеген істерін айтады. (226) Бірақ, иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен кейін кек алғандар басқа...», – делінген.

Мұндағы иманды игі амалдар істейтін әрі әрдайым Алланы еске ұстайтын жыраулар, шайырлар, ақындар – адасқан азғын емес екендігі туралы ұлы Аятта айтылып өтеді. «...Бірақ, иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен

кейін кек алғандар басқа...» («Шұғара» сүресі, 226-Аят). Жоғарыдағы Аяттар жайында пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген Хадистер жария еткен. Солардың бірі мына Хадис: Сахбалардан болған бір ақын Пайғамбарымызға келіп: «Аллатағала ақындар туралы айтқан бұл аяттардан кейін, («Шұғара» сүресі, 223, 224, 225-Аяттар) біздің жағдайымыз не болады?», – дегенде Мұхаммед (с.ғ.с.): «Мүмін (мұсылман) тағымен (билігімен болсын және тілімен яғни, қаламымен, жырымен болсын) Алланың жолында күреседі. Жаратқан Иемнің Атымен ант, сендер (яғни, иман келтірген шайырлар, жыраулар, ақындар) ата-тын оқтың ұшы өткір».

Осындай нақты дәлелдерге қарап отырып, Ислам діні өлеңге, жырға ешқашан қарсы болмаған. Құран Кәрімде нақты жол көрсетіліп тұр. Байқасаңыз, біздің ұлттық поэзиямыздың өн бойынан имандылық аңқып тұрады. Оған дәлеліміз көп. Оны кейбір жат ағымда желігіп, адасып жүрген қазіргі бауырларымыз дұрыс түсінбей, «өлең, жыр деген – шайтанның ісі, ақындар – адасқандар», – деп жатады. Бұл – әрине, мүлде дұрыс емес, өте асығыс айтылған ой. Ақындардың сөзі мен ісіне қатар қойып «диагноз» шығару керек қой. Енді әрі қарай кеттік...

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.

Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп Құдай тілекке!

Бұл – дұға. Бір Аллаға иман
келтіріп тек соған ғана сыйы-

нып тұр. Осыдан біз жыраудың 17 жасқа толып, дүниетанымы кеңіп, өз елін, жерін кәпірлерден қорғау үшін басын тәуекелге тіккенін көрсетеді. Қасиетті Құран Кәрімде: «Алланың қастерлі ұғымдарына құрмет көрсету – жүректің тақуалығынан...» («Хаж» сүресі, 32-Аят) делінген. Ал имандылыққа бет бұрған ізгі ниетті мұсылман үшін киелі ұғымдардың бірі – елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Демек, Отанды құрметтеу – мұсылман баласы үшін қастерлі парыз. Отан деген не? Отан – кіндік қаның тамған туған жерің, өз ұлтың, ұлысың өсіп-өнген қасиетті мекен. Иә, «Отанды сүю – иманнан» (Хадис). Отан – Алтай мен Атырау арасында кермаралдай керілген кең-байтақ жеріміз, көкірегі қазыналы қарттар мен мейірімі шуақты ақ жаулықты әжелеріміз, тай құлындай тебісіп өскен құрбы-құрдастарымыз, батасының самалы ырыс-құт аңқыған қадірлі ата-анамыз, жан махаббатын арнаған асыл жарымыз бен бауыр етіміз – бал тілді балаларымыз. Міне, осы туған ел мен жерге ие болу, амандығын тілеу – әрбір жанның мұсылмандық борышы. Исламда бес нәрсені: Отаныңды, дініңді, арнамысыңды, жаныңды, дүниеңді қызғыштай қорғау міндеттеледі. Осы құндылықтарды қорғау жолында қаза болғандар шаһит саналады. Ал шаһиттердің ақиретте есепсіз жәннатқа барары мәлім. Құран Кәрімде: «Шаһиттерді өліге санамандар. Олар тірі, Алла біледі, сендер білмейсіңдер» («Бақара», 154-аят), – делінген. Осы Аятты оқып отырып,

қазақ халқының «уа, әруақ!» деп сестеніп жауға шабуын «дінді білмегеннен әруақты айтады деп» тырнақ астынан кір, кір астынан тырнақ іздеуге болмайтын секілді. «Әруақ» дегеніміз – «Рух» сөзінің көпше түрі яғни, «Рухтар» дегенді білдіреді. Меніңше, шаһит болған бабасын еске алып, Бір Аллаға сыйынып, қас дұшпанына қарсы шапқан. Оның ешқандай діни қателігі жоқ. Міне, Отанды қорғау жолында, елдің жарқын болашағы сегіз қырлы өткір тілімен, қаһарман жүрегімен жанталасып алдыңғы шепте жауға атойлап: «Жауға шаптым ту байлап, / Шепті бұздым айғайлап, / Дұшпаннан көрген қорлықтан, / Жалынды жүрек қан қайнап, / Елді-жұртты қорғайлап, / Өлімге жүрміз бас байлап.» – деп жауына қарсы шапқандардың бірі – Ақтамберді жырау.

Шынында, Алладан басқаға басын имейтіндердің рухы биік, жаны таза. Енді осындай жандардың айтқан сөздерінің өзегінен ерлік пен өрлік, батырлық пен бекзадалық, дархандық пен даналық бетегеге біткен боз жусандай бұрқырамағанда кімнен бұрқырап аңқымақ?! Ақтамберді – қазақ жыраулық поэзиясына өзгеше екпін, таудан құлай аққан сарқырамадай өрекіген өрлік әкелген жырау.

Жалпы жыраулар поэзиясы – жоғарыда айтқан Аяттардай иман келтіріп, ізгі іс істегендер. Олар қазіргі замандағы Алладан қорықпайтын, Оның хикметін танымайтын, жүрегінің көзі соқыр үстеріндегі саясаттың жетегіндедызақтап, бәзбіреудің пәрменімен жазып жатқан та-

қырыптары мың құбылатын, бастығы да, батыры да өзгере беретін, құбылмалы тұрақсыз мінезді бола тұра басқаларға бөлсініп, кекірейіп, туралық, жақсылық жайында аттандап, жар салып, өздері лас, өзезіл жолдармен жүретін жағымпаз жазушылар және Құдай берген бар талантын қор қылып, біреудің күпірлік сасығын дүниеауишылауына жұмсайтын ақымақ ақындардай емес. Бұл – жыраулардың ең басты құндылығы, ең көркем ерекшелігі. Шындығында, сол кездегі қазақтың қабылдауынша жырау болсын, мейлі, ақын болсын оның бойында батырлық болу керек. Батыр болмаса ол ақын да, жырау да бола алмайды. Бұл – дала заңдылығы. Сондықтан қазақ халқы ақындарын ардақтаған. Олардың мәртебесінің жоғары болуы, жалған сөйлеп, жалпылдап, жағымсып көлгірсімеуінде. Құран Кәрімде көрсетілген тура жолдан ауытқымауында. Жыраулардың сөзі мен ісі қабысып отырды. Сөзінде бары – өзінде де бар болды. Сөздің реті келгенде айта кетейін, қазір бізде мүлде басқаша. Өз айтқанын өзі істемейді. Көпке топырақ шашып отырғаным жоқ, бірен-саран ақындар ғана бар. Ал әлгі жағымпаз «жыраулар» бастан асып кетеді. Айтыскері бар, жазбасы бар, әйтеуір көөеп! Санасаң санынан жаңыласың. Шындық – ацы. Олар қулықпен тапқан біреудің ақшасын мақтайды, парасатсыз пендесін, пайымсыз патшасын мақтайды. Жә, мақтай берсең, Алласын ұмытпау керек қой. Алладан бұрын адамды айтады. Кісіге табынады.

Осының кесірінен жыраулық рух, ақындық сес жоғалған. Осының кесірінен ақындық аласарып кетті. Ақындық аласарса, адамдық жайлы сұрау – әбестік. Ендеше, жоғарыда айтқан «Шұғара» сүресіндегі «(223) Ақындарға азғындар ереді...», – дегенге саяды. Өкініштісі – осы!

Иман келтірген жырау келесі бір жырында:

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас.
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас.
Жалтара шапсаң жау қашпас,

Жауды аяған бет таппас.

Уа, жігіттер, жандарың

Жаудан аяй көрмеңіз,

Ғазырейіл тура келмей жан алмас!

Осы жырдан соң жалпы Ислам дініндегі Иманның шарттарына тоқталып кетуді жөн көрдім. Себебі, онсыз біз ештеңе түсіндіре алмаймыз. Енді «Иман» деген сөздің мағынасын ашып алайық. Иман – (арабша – сену, илану, қабылдау) Алланың барлығына, бірлігіне, көңілмен сеніп сиыну, тілмен айтып мойындау және іс-әрекетпен дәлелдеу, оның өсиетін және сүйікті елшісі Мұхаммед(с.ғ.с.) пайғамбардың айтқандарының барлығын жүрегімен толық қабыл алу деген сөз. Енді Иманның шарты – алтау. Олар:

1. Алланың бірлігіне (Оның бар екеніне, жалғыз, тумаған, туылмағанына) иман келтіру;
2. Періштелерге иман келтіру;
3. Кітаптарға иман келтіру;
4. Пайғамбарларға иман келтіру;
5. Ақырет күніне иман келтіру;

6. Тағдырға иман келтіру.

«Ғазырейіл тура келмей жан алмас!». Жаратушы Жалғыз Алланың пәрменімен ғана болатынына көзсіз сену. Нақ иман келтіру. Сондай-ақ Иманның бір шарттары – Періштелерге және Тағдырға иман келтіріп тұр. Тағдыр – Алланың фәниден бақиға дейін адам баласының басында мейлі жақсы, мейлі жаман болсын, орын алатын оқиғалар жайлы өз қалауымен мақұл көріп, жасаған ғұмыр жолы. Міне, жыраулар осыны түсінген. Ақтамбердінің: «Ғазырейіл тура келмей жан алмас!», – деп айтуы да осыны терең ұғынуында. «Ғазырейіл» қазіргі тілдік қолданыста «Әзірейіл» деп қолданылады. Бұдан әрі қарай «Әзірейіл» деп атаймыз. Жырау осы Әзірейіл періштені айтып отыр. Енді періште дегеніміз қандай жаратылыс?! Осыған қысқаша тоқталсақ: Періштелер – нұрдан жаратылған Латиф (ешкім көре алмайтын, нәзік, арайлы) тіршілік иелері. Сондықтан біз оларды өз суретінің түрлерінде көре алмаймыз. Бірақ олардың қалаған сурет және түрде көріну қабілеттері бар. Іштерінде ұлы пайғамбарлардың кейбіреулеріне өз суреттерімен көрінгендері де бар. Адамзат сияқты ішіп-жеу және тағы басқа ерекшеліктері жоқ. Тек қана Аллаға ғибадат ету және Оның бұйрықтарын орындау үшін жаратылғандықтарынан оларға нәпсі берілмеген. Сол себепті періштелерден ешқашан Раббыларына қарсы келмейді. Сандары да саналмайтындай өте көп. Хадис-шәрифтер бойынша жер бетіне түскен әрбір жаңбыр және қар

данасын бір періште түсіреді және бір дана түсірген періштеге қияметке дейін екінші кезек келмейді. Жаңбыр мен қардың ауада бір-бірімен еш соғыспай жер бетіне түсуінің хикметі де – осы.

Періштелердің ерекшелігі жағынан мәртебелері – бөлек-бөлек. Періштелердің пайғамбарлары деп атай алатынымыздай төрт үлкен періште бар: Жәбірейіл, Микайл, Әзірейіл және Исафил. Бізге қажеттісі – Әзірейіл періште. Әзірейіл періште адамның жанын Алланың рұқсатымен ғана алады. Оған осы міндет қана жүктелген.

Жыраудың қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, қазақ топырағын жаудан азат ету, мал-мүлкі, әдет-ғұрпы, дархандығы, кеңдігі жайлы сипаттай жырлаған туындылары – өте көркем һәм керемет. Ақтамберді осы тақырыптарда жыраулық поэзияның соны қырларын ашқан. Тынысын кеңейткен. Осы тақырыпта Мұхтар Мағауин, Серік Негимов, Айгүл Кемелбай тағы да басқа жазушы-ғалымдарымыздың мақалалары, зерттеулері бар. Сондықтан оны да қайталап жатуды жөн көрмедік. Мәселен, аттың сыны туралы «От басар орны отаудай, / Қабырғасы халық орнаған жонсаудай...», «Күлдір-күлдір кісінетіп, / Күреңді мінер ме екенбіз...», – деп басталатын тағы да басқа әлеуметтік сарындағы толғауларын Ис-

лам құндылықтарымен зерделеуге болады. Алайда біздің тақырыптан алыстау болғандықтан оны болашақтың еншісіне қалдырып отырмыз.

Жыраудың келесі бір толғауы қазіргі жастар, әке-шешесін қарттар үйіне тапсырған тас жүректер мәселелеріне өте жақын. «Ей, азаматтар, шоралар...», – деп басталатын туындыдағы «... Меккені іздеп не етесің, / Меккеге қашан жетесің, / Әзір Мекке алдыңда, / Пейіліңмен сыйласаң, / Атаң менен анаңды!». Бұл – қасиетті Құран Кәрім мен құдси Хадистің көркем синтезі. Қасиетті Құран Кәрімде: «Адам баласына әкешесіне жақсылық жасауды нұсқадық...», – дейді («Ахқаф» сүресі 15-Аят). Алланың нұсқауы – бізге бұйырғаны. Бір ескере кететіні, бұл Аятта «мұсылмандардың» деп жазылмаған, «адам баласына» делінген, сондай-ақ ата-анаң намаз оқыса бұйырамыз, намаз оқымаса бұйырмаймыз деп те тұрған жоқ. Құран – тек мұсылмандарға емес, әлемге түскен кітап болғандықтан ата-анаң қандай болса да оларға жақсылық жасау адам баласына түгелдей бұйырылып тұр. Бұл – ата-ананы құрметтеуге міндетті екеніміздің дәлелі. Көкірегінің көзі нұрлы әулие-жырау осыны айтып отыр. Ата-анаңды шын пейілмен сыйлау – Меккеге барғандай мәртебелі екенін көзге шұқып тұрып көрсетіп

отыр. Жырау: «Ей, азаматтар, шоралар...», – деп байына да, кедейіне де, шорасына да, биіне де осыны ескертті.

«Раббың Өзіне ғана ғибадат етуді, әке-шешеге жақсылық қылуды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда көрілікке жетсе, оларға қарап «уфф!» деп айтпаңдар Сондай-ақ, ол екеуіне де зекімендер» («Исра» сүресі 22-Аят). Алланың бұл әмірі – бұйрықтан да жоғары. Ата-ананы құрметтеу, оларды сыйлау жайында Құран Кәрім мен Хадистер көптеп келтірілген. Бұл Ислам дінінің ата-анаға ерекше жоғары құрметпен қарайтындығын көрсетеді. Сол кездегі далалық мектептің даналығы – қазақ халқының менталитетіне Ислам құндылықтарының ежелден сіңіскенінің айқын көрінісі. Біз кері кеткен Кеңестік сананың тұтқынынан босағаннан кейін Ислам дінін жаңа қабылдағандай күй кешеміз. Бұл да – бір қайғы.

Тоқсан үш жасқа келіп дүниеден өткен Абыз жыраудың «Балаларыма өсиет:...» деп басталатын соңғы толғауы – тұнып тұрған даналық. «Кепиет», «қасиет», «бірлік» тәрізді терең пәлсапалық мәні бар ұғымдар жайында айта келіп, «Батырларша жорықта, / Өлмедім оқтан, қайтейін!...», – дейді. Шаһиттік мәртебеде өлмедім деп өкінеді. Өкінішін елдің амандығын тілеген дұғасына айналдырып, тілеген тілегінің қабыл болғанына Аллаға шүкір етіп, адал жолдан таймай өмір кешкеніне риза болады. Иә, қартая білу де – үлкен даналық, сабырлық...


P.S.

Ислам діні – даналықтың таусылмас мұхиты. Ақтамберді мұрасы – Иман теңізі десек, біз сол теңіздің бір тамшысын ғана сөз қылдық. Жаратушы Алла ғана қателеспейді. Сөзіміз қисайып жатса, түзете салыңыз, құрметті оқырман.



«Тұланда»

кітап дүкенінде



Ерлан ЖҮНИС

Алматы.
Қыркүйек.
Кеш.

Кітап дүкені.

«Қожайын, сағатқа қарама!»

Түсінем, оны үйі күтеді...

Ал менің шыққым жоқ далаға.

Қалада көңілдің боп жатыр қай тойы,

Гүлдердің иісі жоқ қалалық!...

Ол жақта даурыққан білгіштер айқайы,

Бұл жерде момақан даналық.

Тәкаппар даналық

Кітаптың ішінде

Жалыққан өзінен.

Мен де ертең дәл осы кітаби пішінде

Осында келемін...

Сезінем.

Қожайын,

Бәрібір келем ғой,

Түсін сен,

О, сонда қыздарға қымбатқа сатасың.

Бүгінгі жақсылығың үшін Сен

Аласың апамның батасын!

Кітаптар сөресі – сұлудың беліндей

Майысқақ,

Ауыр ғой шалдардың салмағы...

Қолдарым – ибалы келіндей

Ұсынған кесені батырмай бармағын,

Мөп-мөлдiр аңсар мен ынтаны ұсына

Сипаймын кітапты:

әр сөздің демі

мен

сезінем лүпілін,

жүректің ұшына

шымырлап тұнуын дәуірдің еріген.

Балқиды дәуірлер ойларда ып-ыстық

Ішінде жалғыздың тұрған топ шетінде!

Даналық –

Үнсіздік, тыныштық,

Шыңғырар тек кітап бетінде!

Мұнда да шалдар көп пыстырған жатып іш

Менімен ойнайды:

«Осынша ақымақ, осынша нақұрыс –

Бұл бала біздерге қосылмай қоймайды!»

О, сосын қарайды кемсеңмен
ұғардай

тәкаппар ойлардан.

Ешкімді үңгірден суырып шыға алмай

өздері үңгірге айналған,

Шалдар-ай, сүйемін сендерді

Сезіммен ешкімді сүймеген.

Сендерден үйренсе-ау өлмеуді,

өлуді өзім-ақ үйренем!

Құрдастар көп емес, —

Көкем ой, шеше мұң,

Бәрінде Тәңірдің демі бар!

Менде әлі тірі жүр

Мағжан мен Есенин,

Мені әлі білмейді

Борхес пен Элюар!

Ал, һафез –

Нағашым жырындай,

Тонауға дайынмын қарамай.

Моуләви –

Құпиялы сұлудай,

Дымыңды құртады қарадай.

Асаулар,

бұлғақтар

кешегі

момақан кітапқа қалайша сыйып тұр?

Еседі самал жыр, аңыздар көшеді –

өшеді –

өшкені –

өмірден биік тұр!

Алматы.

Қыркүйек.

Кеш.

Кітап дүкені.

Сыртынан жабамын есігін.

Есіктің сыртында жалғыздық күтеді,

Мен оның жалғыз досымын!..

Ә дүниелік

КІТАПТАР



Өміржан ӘБДІҚАЛЫҚҰЛЫ

Қып-қызыл қанға бөккен Жер Күнді қинала айналып бара жатты...

Екеуі көшеде кездесті. Керіспегелі көп болған еді. Шүйір-келесе кетті.

- Қайдан келесің?
- Базардан.

– I...i...ымм...

- Өзің ше?
- Жұмыстан.

Екеуі бір-бірінен көз тайдырып, басқа жаққа қарап сәл тұрды да, әңгімелерін әрі қарай сабақтады.

- Базарыңда не жаңалық?
- Сол сатады, сатып алады...
- Иә, қазір бәрі сатылатын болды ғой.
- Аспан сатылмайды!
- Қолы жетпейді, әйтпесе, оны да сатады....

Тағы үнсіздік. Базаршы шылым тұтатты. Жұмысшы одан сұрап шекті. Темекі түтінімен әңгіме қайта тұтанды.

- Сенің жұмысың қалай?
- Сол бастыққа бас ұрып...
- Сенің де күнің күн емес.
- Неге?
- Өзің де сезіп тұрсың ғой.
- А-а-а...

Темекілерінің тұқылын табандарына салып өшіріп тастаған соң, базаршы жұмысшыға: – Жүр сыра ішейік, – деп еді, анау үнсіз келісті. Сәлден соң екеуі кафеде отырды. Тыртыған юбка мен кіндіктен жоғары келетін кофта киген даяшы қыз қастарына жақындаған кезде екеуі қыздың ашық жерлерін ішіп-жей қарады. Қыз қымсынған жоқ. Керісінше, «біздерде мынадай бар, мы-

надай бар» дегендей мез. Екеуі сыраға тапсырыс берді де қыздың соңынан тағы қарады. Үзілген әңгімені жұмысшы жалғады.

– Ұят жоқ қой бұларда.

– Қалай?

– Не, телевизор көрмейсің бе?!

– Кейінгі кезде ұятсыз дүние көрсетпейтін болды ғой.

– Өтірік.

– Не өтірік?

– Өмір.

– А...а...а... Тағы да үнсіздік. Екеуі сыраны сыздықтатып отыр. Үнсіздікті базаршы бұзды.

– Кітапты әлі көп оқисың ба?

– Жоқ интернет бар ғой.

– Интернетің не дейді?

– Сол баяғы дау, таққа талас, қызыл қырғын оған жаһандасу деген қосылды.

– Ол не?

– Бүкіл әлем бірігеді.

– Біріккені қалай?

– Оны менен сұрама.

– Қызық екен, сонда ұлт қайда қалады?!

– Қырғынның бәрі сол ұлт үшін. Бәрі тәуелсіз «Құдай» болғысы келеді.

– Тәуелсіз болған жақсы ғой.

– Несі жақсы?

– Өзіңмен өзің боласың.

– Басқасын қайдам, мен өзіммен өзімнің, – деген базаршының сөзіне, жұмысшы жымиып күліп отырып:

– Жоқ, сен қоғамның құлысың, – деді.

– Сен ше?

– Мен де, барлығы, бүкіл адамзат.

Екеуі тағы да тақырыптан ауытқып кетті...

– Осы адамдар неге соғысады? – деді базаршы басын шайқап.

– Соғысу өмірдің мәні, соғыс болмаса өмір мағына-

сынан айырылады.

Екеуі тағы сыра алғызды. Тағы да темекі шегілді. Қарама-қарсы отырған екеудің ортасын үнсіздік бөліп тұр. Біраздан кейін базаршы тағы да әңгіме қоздатты:

– Өркениет деген жақсы, өзің отырасың, саған сыраны өдемі қыз әкеліп береді. Жұмысшы күлді. Күлді де:

– Өркениет адамзаттың өлімі, – деді. Базаршы үндеген жоқ.

– Айтпақшы, оқымысты шал дүниеден өтті.

– Қашан? – деді базаршы жайбарақат кейіп танытып.

– Бір ай бұрын.

– Кітаптарын не істепті?

– Жерлепті.

– Жерлегені қалай?

– Кәдімгідей табытқа салып, көрге көмген. Өзі өлерінен үш күн бұрын.

– Неге жерлепті?!

– «Адамдардың рухани байлыққа қажеттілігі түгесілді. Сондықтан кітаптар ғұмырын тоқтатып техника мен санға жол берді. Жасасын жарық!» – деп кітаптардың басына қойған құлпытасқа жаздырыпты. Оны шалдың қабіріне барғанда көрдім.

– Қызық екен...

– Иә, бәрі қызық әрі қорқынышты. Екеуі сыраларын сімірді.

– Шал екеуімізге хат тастапты, – деп сырасын столға қойып жатып сөзін сабақтады жұмысшы. Төс қалтасынан ұқыпты бүктелген ақ қағаздың орауын жазып оқып берді. «Артық ақылдан арылыңдар. Артық сананы сылып тастаңдар. Аналарыңа оралыңдар». Басы салбырап кеткен базаршы:

– Жақсы Адам еді...

– Рас, жақсы Адам болатын, – деп жұмысшы қостады. Қалған сыраларын үнсіз ішісті де, даяшы қызбен есеп айырысып болған соң екеуі салқын қоштасып жөндеріне кетті. Шалдың қос шәкіртіне жазған Аманат хатын даяшы қыз стол үстінен алды да қоқыс салатын шелекке атып ұрды...

Адамзаттың қанды көзінен қорыққан Күн,
Жерге аяй қарап үрейлене батып барады...

Құрметті оқырман «Кітап патшалығы» журналы осы жылғы бірінші санынан бастап «Қазақ баспасы» деген жаңа айдар ашып отыр. Айдардың ашылу мақсаты – еліміздегі ірі баспаларды насихаттау және сол баспадан жарық көрген жаңа кітаптарды оқырман назарына ұсыну. Журналдың әр нөмірінде еліміздегі барлық қазақ баспалары туралы және олардың өнімдері жайлы үнемі берілетін болады. Алғаш рет Астана қаласындағы ірі баспалардың бірі – «Фолиант» баспасын жариялап отырмыз.

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ФОЛИАНТ
БАСПАСЫ

PUBLISHING HOUSE



With an open heart!

С открытым сердцем!

1996 жылы құрылған «Фолиант» әмбебап баспасы қазақ кітап өнімін өндірушілер үздіктері қатарынан өзіне лайық орын ала білді. Баспа жыл сайын әр түрлі жанр мен бағытта 320 жаңа аталымдағы кітаптарды жарыққа шығарады.

Көркем, ғылыми-танымдық, балаларға арналған және дамытушы әдебиет, оқулықтар, арнаулы, сыйлықтық басылымдар – «Фолиант» баспасы қамтыған кітап нарығындағы кең таралған салалар.

Компанияның кадрлық құрамы идеялық жоба мен оны кітап түрінде ұсынуға дейінгі аралықта кез келген күрделілік деңгейіндегі тапсырысты орындауға қабілетті жоғары кәсіби мамандардан құралған.

«Фолиант» баспасының заманауи талаптарға сай жабдықталған өз баспаханасы бар, бұл тапсырыс берушілерге полиграфиялық қызметтің кең ауқымын ұсынуға мүмкіндік жасайды.

Баспаның негізгі ұстанымы – оқырманды оның қызығушылығына және **баға – сапа – ақпарат көлемінің** тиімді арақатынасына сай әдебиет түрлерімен барынша кең көлемде қамтамасыз ету.

The universal Foliant Publishing House created in 1996 has taken a prominent place among leaders of Kazakhstan book production.

Annually the Foliant Publishing House releases more than 320 new titles of books of the various genres and styles.

The fiction, educational, non-fiction, popular, scientific and children's literature, specialized, gift editions are the most popular segments of the book market captured by Foliant Publishing House.

Staff of the Foliant Publishing House is presented by highly qualified professionals of publishing and printing industry able to fulfill orders of any complexity – from the initial concept to realization in the form of book.

The company has its own printing-works equipped with modern equipment which enables us to provide customers with a wide range of printing services.

The main principle of work of Foliant Publishing House – to give the readers as much as possible wide choice of the literature corresponding to their interests and an optimum parity between **price–quality–volume of the information**.

Универсальное издательство «Фолиант», созданное в 1996 году, за годы своей деятельности заняло достойное место в числе лидеров казахстанской книжной продукции.

Ежегодно издательство выпускает более 320 новых наименований книг самых разных жанров и направлений.

Художественная, учебная, научно-популярная, детская и развивающая литература, специализированные, подарочные издания – наиболее популярные сегменты книжного рынка, охваченные издательством «Фолиант».

Кадровый состав компании представлен высокопрофессиональными специалистами, способными выполнить заказ любой степени сложности – от идейного замысла до реального воплощения в образе книги.

Издательство «Фолиант» имеет собственную типографию, оснащенную современным оборудованием, что позволяет предоставлять заказчикам широкий спектр полиграфических услуг.

Основной принцип работы издательства – предоставить читателю максимально широкий выбор литературы, соответствующей его интересам и оптимальному соотношению **цена–качество–объем информации**.



МӘДЕНИ МҰРА
Cultural heritage
КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

«Мәдени мұра»


«Бабалар сөзі» атауымен «Мәдени мұра» шікіінде тұңғыш рет жарыққа шығып отырған қазақ фольклорының 100 томдық жинағы. Әлемдік тарихи ойын озық үгітерінің «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты 20 томдық жинағы. Ұлы Дала туралы көне дәуір авторларының дерекзодеріндегі тарихи дерек-дәлелдердің 4 томдық жинағы – баға жетпес қазына әрі ұрпақтардың игілігі болып саналатын бабалар мұрасы.

«Cultural heritage»

For the first time issued in the frame of the national program «Medeni Mura» («Cultural heritage») hundred volume series of the Kazakh folklore «Babalar sözi», twenty volume series of samples of world historical thought, the four volume series of historic facts about Great Steppe from the sources of antique authors. It is a heritage of ancestors which is invaluable treasure and property of descendants.

«Культурное наследие»

Впервые увидевшие свет в шікіе «Мәдени мұра» («Культурное наследие») 100-томное собрание казахского фольклора «Бабалар сөзі», 20-томное собрание образцов мировой исторической мысли «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы», 4-томное собрание исторических фактов и сведений о Великой степи в источниках античных авторов мира – это наследие предков, которое является бесценным сокровищем и достоянием потомков.

Оқу әдебиеті

Жоғары, техникалық және кәсіби білім беруге арналған оқу және оқу-әдістемелік әдебиет шығару – «Фоллиант» баспасының негізгі бағыттарының бірі. Барлық басалымдар мемлекеттік білім беру стандарттарына сай және ҚР Білім және ғылым министрлігінің немесе тиісті оқу-әдістемелік бірлестіктердің тiрiфi қойылған.

Жыл сайын баспадан әлеуметтік-экономикалық гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану-ғылыми және білімнің басқа да салалары бойынша 150-ден астам жаңа аталымдағы кітаптар жарыққа шығады.

Educational literature



The edition of the educational literature for the higher, technical and vocational education is one of the basic directions of activity of Foliant Publishing House. All editions correspond to the national educational standards and have signature stamps of Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan or have been approved by corresponding educational-methodical associations.

Annually Foliant Publishing House publishes more than 150 new titles of books for social and economic, humanitarian, technical, natural-scientific and other directions of knowledge.

Учебная литература

Издание учебной и учебно-методической литературы для высшего, технического и профессионального образования – одно из основных направлений деятельности издательства «Фоллиант». Все издания соответствуют государственным образовательным стандартам и имеют грифы Министерства образования и науки РК либо соответствующих учебно-методических объединений.

Ежегодно в издательстве выходит более 150 новых наименований книг по социально-экономическим, гуманитарным, техническим, естественно-научным и другим направлениям знаний.

«Менің Отаным – Қазақстан»

Өлкетану тақырыбындағы «Менің Отаным – Қазақстан» тарихи-танымдық кітаптар сериясын шығарудағы мақсат – киелі қазақ жеріндегі қойнауы тұңғық та тылсым сырға толы өңірлердің бай шежіресін тарқату арқылы туған ел тарихын танытуға, аулы атамекен қасиетін ұяңдыра түсуге қызмет ету.

Бүгінге дейін «Ұлытау», «Ойыл», «Ерейментау», «Отырар», «Қазығұрт», «Баянауыл» кітаптары жарық көріп, талғампаз қадам тарапынан жоғары баға алды. Ал «Қарқаралы», «Шыңғыздық», «Торғай» және тағы басқа кітаптар тауу болашақта оқарман қолына тимек.

«My Native land – Kazakhstan»


The purpose of the edition of popular scientific books-albums in a series «My Native land – Kazakhstan» – to acquaint a wide range of readers with history, culture, natural resources, traditions of various regions of our country, to evaluate history of a whole country from the point of view of independent knowledge, to promote a feeling of love for the Motherland, respect for sources of the national culture.

Books «Ulytau», «Oyyl», «Erejmentau», «Kazygurt», «Otyrar», «Bajanaul» were issued in the given series. A number of other titles of books about the beauties of native lands is being prepared for the edition.

«Моя Родина – Казахстан»

Цель издания научно-популярных книг-альбомов в серии «Менің Отаным – Қазақстан» («Моя Родина – Казахстан») – ознакомить широкий круг читателей с историей, культурой, природным богатством, традициями регионов нашей страны, оценить историю всей страны с точки зрения независимого познания, способствовать воспитанию чувства любви к Родине, уважения к истокам своей национальной культуры.

В данной серии увидели свет книги «Улытау», «Ойыл», «Ерейментау», «Қазығұрт», «Отырар», «Баянауыл». Готовится к изданию ряд других наименований книг о нашей прекрасной Родине.




«Нартұлта»

«Нартұлта» сериясы оқырмандарды қазақ елінің және жерлі адамзаттың асыл перзенттерінің, яғни тарихи тұлғалардың өмірінен, шығармашылық менталитетінен, тұлғалардың сипатта жазылған әмбебап жинақ болып табылады.

«Nartulga»

A series «Nartulga» acquainting readers with life and activity of the outstanding Kazakh people is a universal collection of the biographies of well-known representatives of the past and our contemporaries written in the absorbing form.

«Нартұлта»

Серия «Нартұлта» знакомит читателей с жизнью и деятельностью выдающихся сынов казахского народа и представляет собой универсальное собрание написанных в увлекательной форме биографий известных деятелей прошлого и наших современников.

«Таным-дария»

«Таным-дария» сериясы бойынша мән-маңызы зор ғылыми монографиялар мен зерделі зерттеу еңбектер жарық көрді. Бұл оралда академик В.Нурғалидин «Қазақская литература: концепция и жанры» атты кітабы мен филология ғылымының докторы, профессор А. Сейдімбектің еңбектері топтастырылған 6 томдығын айрықша атап оту жөн.

«Tanym-darija»

Fundamental monographies and researches are presented to series «Tanym-darija». The Kazakh literature: concepts and genres» by academician R.Nurgaly and six-volume works of the Doctor of Philology, professor A.Sejdimbek occupy a special place among them.

«Таным-дария»

В серии «Таным-дария» представлены фундаментальные монографии и исследования. Среди них особое место занимают «Казахская литература: концепция и жанры» и шеститомное собрание трудов доктора филологических наук, профессора А.Сейдімбека.





Халқымыздың біртуар перзенті, көп қырлы талант иесі, көрнекті композитор, қазақ әндерінің зерделі зерттеушісі әрі тамаша қаламгер, ұлт руханиятын байыта түсуге үлкен үлес қосып жүрген Илья Жақановтың бұл жинағына кіршіксіз көңілі мен шалқар сезімінің, толағай таланты арқасында иеленген зор халықтық махаббаттың көрінісі іспеттес шағын да шымыр жазбалары енгізілді. Сондай-ақ, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевпен жүздесулерін әсерлі әңгімелейтін, өзге автор қаламынан туған жазба да сыршыл дүние.

Ал жинақтың екінші бөліміне автордың бірталай өні нотасымен бірге беріліп отыр.

Кітап жалпы өнерсүйер, әнсүйер қауымға арналған.



«Жоғарғы Бас Қолбасшы – әскери қауіпсіздік кепілі» атты еңбекте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ел Қарулы Күштерін құрудағы және дамытудағы рөлі терең зерттелген. Елбасының мемлекет әскерінің әлеуетін арттырған, әлемнің озық елдері армияларымен терезесі тең, биік деңгейге жетуге бағытталған ересен еңбегі нақты деректер көмегімен жүйелі көрініс тапқан.

Еңбек Қазақстанның әскери тарихын зерттеушілер, әскери оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары, сондай-ақ Тәуелсіз елдің Қарулы Күштері тарихына, Қазақстанның аймақтық және жаһандық қауіпсіздік ісіндегі рөлінен хабардар болғысы келетін көпшілік оқырманға арналған.



Ақын Сұраған Рахметұлының бұл өлеңдер жинағына бұрын жарық көрген кітаптарынан сұрыпталған туындылары, сондай-ақ кейінгі жылдар мұғдарында жазған таңдаулы өлең-жырлары топтастырылды.

Тұңғыш тереңдік, қанатты қиял, тың теңеу, тосын тұжырым, оқыс ой тұнған жауһар жырлар – бөлек болмысты ақынның адуын талантына айқын айғақ.



«Махаббат хаттары» атты бұл жинақта ақын Әкім Ысқақ поэзиясынан мәңгілік өлмес тақырып – махаббат лирикалары іріктеліп алынды. Бұрындары түрлі басылымдарда жарияланған және кейбірі жарияланбаған осынау тілге жеңіл, өрнегі өрлі жастық шақ жырлары нәзік иірімдермен бейнеленген сезімнің сыршыл әлеміне жетелейді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында қуғын-сүргін қазақтардың қанын судай ағызды. Қыңыр саясаттың салдарынан халық есеңгіреп қан кешті. Дүлей күш сауатсыз адамдардың құқын таптап, еркін күнкөрісінен айырып, тарихта түрме болмаған қазақ елін жазалылардың ажал зынданына айналдырды. Көптеген оқыған зиялы қауым өкілдері жер аударылып, әйелі, балаларымен бірге қан кешті.

Аштыққа ұшыраған адамдарды саясаттың сойқан күші небір жауыздық, небір адам айтса сенгісіз әрекеттермен қырғынға ұшыратты.

Міне, жазушы Табыл Құлыястың «Қан кешу» атты 3-кітабында осы қырғын, бұлтартпас құжаттармен баяндалады. Бұл шығарма талай боздақтың, ұлы тұлғалардың есімдерін тірілтіп, әруақ аманатын орындағандай ниетті білдіреді.




Бұл кітап – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, соғыс және еңбек ардагері, Қазақстанның Үкіметін он төрт жыл басқарған, Жоғарғы Кеңес Төралқасының Төрағасы болған, Еңбек Ері, «Отан» орденінің иегері, еліміздің абыз ақсақалы атанған парасатты ұлы тұлға Бәйкен Әшімовтің өзі жазған «Ел сенімі – ең қымбатың» атты еңбегінің екінші басылымы. Асыл аға, абыз ақсақал жайлы талай-талай кітаптар туып жатса да, өз өмірі жайлы өзінің жазғанына не жетсін. Белестен белеске бірге көтеріліп, Алтын тойларын өткізгендері де қызғылықты келтірілген, «Бақытым – менің Бақытым», – деп өткен жан серігі Бақыт Әсетқызына деген құрметі мен ілтипаты әдемі көрсетілген бұл кітап сөйлеп тұрған суреттермен безендірілді. Парасат биігінен таймай өткен, қазақтың кемеңгер туған асыл перзенті Бәйкен Әшімовтің өмірі мен еңбек жолына өзі орнатқан ескерткіштей бұл кітаптың кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз деп білеміз.




Ақылбек Шаяхметтің бұл кітабына имандылық туралы жырлар топтастырылған.

«Мінәжат» жинағы – жыр тілімен жазылған ақын шыны, жүрек жыры, көңіл сыры. Кітапта Ислам дінінің артықшылығы тайға таңба басқандай айшықталған. Төрт бөлімнен құралған кітапқа енген жырлар төрт құбыламызды түгендеуге тырысқан автор ойларына арқау болған.

Кітапта Ислам дінінің артықшылығы тайға таңба басқандай айшықталған. Төрт бөлімнен құралған кітапқа енген жырлар төрт құбыламызды түгендеуге тырысқан автор ойларына арқау болған.





Бұл еңбекте қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Рахымжан Отарбаев шығармашылығы ғылыми-теориялық, сыни-сараптамалық тұрғыда талданған.

Жазушы шығармашылығындағы көркем бейнелер жүйесінің түзілуіне, мифтік ұғымдардың тарихи-генетикалық құбылуына ғылыми сараптама жасалған. Әдеби-теориялық талдау нәтижесінде қаламгердің шығармашылық келбеті ашылған.



«Меруерт қайнар» атты бұл кітапқа дүйім дүниедегі барша мұсылман жұртының мереймақтаны болған Хазірет Әлінің өсиет-ғибраттары топтастырылды. Сан ғасыр бұрын айтылған асыл сөздер өміршең өнегесі арқасында бүгінгі талғампаз оқырман үшін де аса зор рухани қуат көзі боларына күмән жоқ.



Жазушы Қайсар Әлімнің бұл кітабында еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани саладағы жаппай өрлеудің маңызды белестері әр қырынан бердерлі бейнеленген. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұлықтау, оны нығайтып, мәңгілік тұрлаулы етудің тиімді жолдары адам ойымен, іс-қимылымен астырыла өрілген. Адам. Қоғам. Заман: гүлденуі Тәуелсіз Қазақстанның асқаралы асуларға еркін самғауының кепілі екені көркемдікпен пайымдалып, дәйектеледі. Алаш арыстары аңсаған тәуелсіздікті баянды етудің жарқын үлгілері, ата-баба өсиетіне адалдық, отансүйгіштік қасиет иірмдері жүрек қылын қозғап, сезім тербейді.



XIX ғасыр, зар заман поэзиясының бел өкілі, өз дәуіріндегі әлеуметтік қайшылықтарды, туған халқының отаршылдық езгідегі ауыр халін қаз-қалпы бейнелеп, ел-жұртын адалдық, адамгершілік, имандылыққа шақырған Шортанбай Қанайұлы мұрасы толықтырылып, екінші мәрте жарияланып отыр.

Екі бөлімнен тұратын бұл томдықта ұлы ақынның қилы кезеңдер сырғалаңында бұрмаланған, аласталған, кейінірек жинақталған біраз туындылары текстологиялық сүзгіден өтіп, таным ізденісіне, ғылыми ойлар сарабына кең орын берілген.



Талантты ақын Сайлаухан Нәкеновтің бұл кітабында оның бұрынғы жинақтарында жарияланбаған туындылары өзінің қолжазбалары мен мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген шығармалары бойынша ұсынылып отыр. Өлең-жырларда ақынның алғаусыз сезімдері, адам мен заман жайындағы толғаныс та біреністері шынайы жырланады.



Ел аузында «Таңат Сейдахмет ақын» аталып, қалың қауымның ерекше қадір-құрметіне ие болған толағай талант иесінің бұл жинағына өлең-толғаулары, шешендік сөздері, өлең үлгісінде өрнектелген хикаяттары және ақын шығармашылығы мен өмірі туралы жазылған мақалалар топтастырылды.

Жинақтағы шығармалардың қай-қайсысы да XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде ғұмыр кешкен Сейдахмет ақынның қазақ әдебиеті тарихынан ойып орын алуға әбден лайық тұлға екенін анық аңғартады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.



Белгілі жазушы, көрнекті спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлының бұл жинағына әр кезеңде түрлі басылымдар беттерінде жарияланған жазбалары топтастырылды. Спорт саңлақтары, өнер және әдебиет әлемінің жұлдыздары, тағы да басқа танымал тұлғалар туралы сыр шертетін тағылымды дүниелердің қай-қайсысы да автор қаламының қуатын, үлкен жүрегінің лүпілін анық аңғартады.



Ақын Әбжан Әбілтайдың бұл кітабына соңғы жылдары жазған өлеңдері мен «Қарлығаш», «Көктем бояулары», «Жүрек-жарды» жинақтарына енген жырлары, орыс тілінен аударған тәржімелері топтастырылды.

Кітап жеті тараудан тұрады. Онда Отан, туған жер, жастық шақ, махаббат, адамгершілік пен парасат тақырыбы кезектесе өріліп, өмір-ғұмыр философиясымен астаса өрбиді.

«Фолиант» баспасы коммерциялық негізде кез келген бағыттағы кітаптарды баспаға дайындау және көбейту істерімен де шұғылданады. Көрсетілетін қызметтер: теру, әдеби және техникалық өңдеу, корректура, беттеу, дизайн, кітаптар мен альбомдарды көркем безендіру, полиграфиялық орындалым (таралымды басып шығару).

Foliant Publishing House is also providing preedition works and duplicating all sorts of books on a commercial basis. The services include: a set, literary and technical editing, a proof-reading, imposition, design, decorating of books and albums, polygraphic execution (the printing of circulation).

Издательство «Фолиант» также осуществляет подготовку к изданию и тиражирование книг любого направления на коммерческой основе. Предоставляемые услуги: набор, литературное и техническое редактирование, корректура, верстка, дизайн, художественное оформление книг и альбомов, полиграфическое исполнение (печать тиража).



Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13;
тел.: 8 /7172/ 39 54 59, 39 60 70; факс: 8 /7172/ 39 72 49

13, Shaken Aimanov street, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan;
tel.: +7 /7172/ 39 54 59, 39 60 70; fax: +7 /7172/ 39 72 49

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Ш. Айманова, 13
тел.: +7 /7172/ 39 54 59, 39 60 70; факс: +7 /7172/ 39 72 49

FOLIANT

e-mail: foliant@foliant.kz
www.foliant.kz



www.nabr.kz